



РЕФОРМАЛАРДЫҢ МӘНІ - 3: XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҢ жаңа сапасы

Біз бұған дейінгі мақаламызда ХАҚ ғасыр адамзат үшін шын мәнінде енді ғана, яғни ширек ғасыр өмістен кейін басталғанын айтып едік. Оның басты белгісі өміс пен өмірдің бұзылуы болды. Сол кезде біз Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың өсиетін дәуірдің сын-қатеріне төтеп беру үшін жасаған жүйесі еді қадалып талданған едік. Оның біріншісі - саяси реформалар арқылы мемлекеттің ішкі тұрақтылығын нығайту, екіншісі - әлеуметтік және экономикалық жағдайды жақсарту және бейбітшілікті қолдаудың экономикалық реформалар. Ал Жаңа Қазақстанның үшінші тапаты қандай болмақ?

ТАРИХТАН ТАРТЫЛҒАН КӨПІР

**«Мен кімін? Қайдан келдім?
Мені өзгертпейтін ел бар ма?»
«Сұлтан Бейбарыс» фильмі (1989)**

Әдетте, біз адамзат немесе ұлт тарихын өткеннің қойнауында қалған оның секілді қабылдаймыз. Сондықтан оның қазіргі өмірімізге тікелей қатысы жоқтай көрінетіні бар. Әрине, тарихтың ықпалын өшкім жоққа шығара алмайды. Десек те, біз өткенге өткел салып өту мүмкін емес деп есептейтініміз жасырын емес. Бірақ кейде тарихтың тілсіз куәсі - тасқа, қабырғаға, сыңан тостағанға қолымыз тисе, кеңеттен кеше мен бүгінді жалғайтын көпір пайда болғандай, дәуірді дәуірге ұластырған жүйке тамырдың бүлкілдеп соққанын сеземіз.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2023 жылғы жазда Мысыр мен Сирияның сұлтаны, крест жорықтарына және моңғолдарға тойтарыс берген мәмлүк, ұлы бабамыз Бейбарыстың 800 жылдығына орай Кайре бардық. Басты мақсатымыз - Қазақстан мен Мысырдың бірлескен жобасы, XIII ғасырда Бейбарыс салдырған мешіттің ашылу салтанатына қатысу еді. Нысанды қалпына келтіру жұмыстары біраз жылға жалғасқаны белгілі. Нәтижесінде, бұл тарихи жәдігер өзінің рухани болмысын жоғалтпай, қазіргі заманнан сән-салтанатына сай келетін заманауи кешенге айналды. Бізге, әсіресе, ондағы архитектуралық шешім ұнады. Себебі заманауи технологиялар мен көне негіздің астасуы өткеннен болашаққа салынған көпір іспетті көрініс рәс.

Сол кезде ерекше бір күйді бастан кештіміз: бір сәтке туған жер мен тұрған жердің арасындағы бес мың шақырымның бар-жоғын сезбей қалдым. Өйткені талантты қолөнершілер қалпына келтірілген сонау XIII ғасырда бедерленген таныс ою-өрнектер, екі түсті кірпіштен қаланған қабырғалар - бәрі жүрегімізге жақын дүниелер еді. Бәлкіміз, біздің дақты жерлесіміз өзінің бала кезінде Ұлы Дала төсінде қолына алған

жусанның иісін сезініп, осылай болса да Отанына оралғандай күй кешкісі келген болар?

Осындай сәттерде өзінді бүгінгінің ғана емес, одан анағұрлым үлкен жаратылыстың бір бөлшегі сияқты сезінетін күй болады. Өзінен бұрынғылар мен кейінгілердің ой-армандарын, рухын, қайғы-мұны мен үмітін ұрпақтан-ұрпаққа жалғап, бойына сіңірген біртұтас, үздіксіз, тірі сананың бөлігі екенінді ұғына түсесің.

Осы тұрғыдан алғанда, Ұлы Дала - тарихи-географиялық кеңістік қана емес,

ол - ұжымдық санадағы рухани өлшем. Оған дем беріп отырған көнерген қияндағы бейсаналы импульстер емес, мыңжылдық жолдағы мәдениеттермен, сынақтармен және жеңістермен бетпе-бет келгенде туған эмоционалды тәжірибе. Міне, біздің бірегейлігіміздің тамырын осы тұстан іздеу керек. Көптеген ғасыр бойы біз жанды кеңістіктің арнасы тарамдалып, әлемге жаңа қан таратса, тартылуға шақ қалған кездері де болды. Жеңістердің атасы атанған әл-Мәлік аз-Захир Руқн ад-Дин Бейбарыс қайта оралуды армандаған осы кеңістікті бүлкілдеп соғып тұрған географиялық және рухани жүрегі, «әлемнің қиялдігінде» орналасқан мекен, ол - Қазақстан. Бұрын солай болған, қазір де солай.

Себебі әлемнің қай түпкірінде жүрсе де, тағдыр қаншама тамаша жерлерге жетелеп аларса да, мұрынды жарып, кеудені көрген дала жусанының иісіне жететін ешнәрсе жоқ.

ТАРИХ ТАСҚЫНЫНДА ЖОҒАЛМАУ

Осылайша, қалыптасқан парадигмалардың бұзылуы XXI ғасырдың өзіндік ерекшелігіне айналды. Яғни, жаһандық қауіп-қатердің өрши түсуі, халықаралық ортақ өмір сүру қағидаттарының деформациялануы және ұлтшыл-популизмнің кең таралуы уақытша дағдарыстың өзгерістері ғана емес, бүгінгі күннің шындығын айқындайтын белгілер. Қазақстан осы біртұтас әлемнің ажырамас бөлшегі ретінде бүл үдерістерден қалыс қала алмайды.

Ал тарихтың осынау асау толқынына жұтылып кетпеу үшін мемлекетке мызғымас ішкі өзек қажет. Бұл дегеніңіз, экономика да, саяси жүйе де емес. Себебі олар белгілі бір аумаққа және ондағы адамдардың менталитетіне тәуелді емес әмбебап ұғымдар десек, қателесе қоймаймыз. Ал ішкі өзек болса, бірегей, берік, ұлтты ұйыстыратын дүниелерге табан тірейтіні анық.

Яғни, бөлшектену келмейтін бірегейлік қана жалпыға ортақ дағдарыс дүрбелеңінде ұлттың ыдырауына жол бермейтін молекулалық байланыс бола алады. Бұл - барлық азаматтың өзіне ғана тән мәдени-болмыстық құндылық матрицасына жататынын сезінуі.

Аталған тезисті жақсырақ түсіну үшін біз ұлтты адаммен салыстырып көрейік. Адам тұлғасы өзін және өзге деген түсінік арқылы өзін өзгеден бөлектейді. Біз және Олар. Ұлттың өзін-өзі тануы осындай оппозициялық ұстанымнан басталып, оның қоршаған геосаяси ортадан жойылып кетпеуінің көпірі болады.

Қуатты ұлттық бірегейлік шырғу тегіне, әлеуметтік жағдайына, діни немесе саяси көзқарастарына қарамайды. Біз айтқан ішкі өзек дегеніміз - осы. Сол ғана Қазақстанда біртұтас өміршен азғаға біріктіре отырып, негізгі күштер мен сыртқы сын-қатерлерге төтеп бере алады. Егер саяси жүйе - оның тірегі, экономика - өмірлік нәрі болса, бірегейлік - ұлттың жаны, мәні, еркі мен рухы.

Бұл салыстыру - романтикалық абстракция емес. Себебі Самюэль Хантингтонның пікірінше, оның сипаттамалары көзге көрінбейтіндей, қолға ілінбейтіндей сан түрлі мазмұнда болса да, ұлттық бірегейліктен ұлттық мүдде туындайды. Сондықтан ұлттың мүддесін тұтас айқындау біздің кім екенімізді және басқалардан қалай ерекшеленетінімізді түсінуімізге тікелей байланысты. Ал мұны түсініп алмай, мемлекет пен қоғамның одан әрі дамуын болжау мүмкін емес.

Жалғасы 2-бетте.



25 МАУСЫМ - МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

Мағжан - поэзия әлемінде айырықша із, ұшқыр қиялға толы дүниесін жас ұрпаққа аманат етіп қалдырған ақынның бірі. «Елу жылда - ел жаңа», - дегендей біздің заманымыз қайта жаңарып, өдебиетіміз мен мәдениетіміз халқымыздың рухани байлығының қайнар көздері қайта аршылып, қайта тазарып, өз ортамызға қосылып жатқандарына мақтануымызға болады. Ол қайнар бұлақ өз халқымыздың болашағы үшін күрескен, жазықсыз жазаланған есімдердің бірі - жерлесіміз Мағжан Жұмабаев.

Мағжан Бекенұлы небары 45 жылға да толмай қысқа ғана ғұмыр көшіп, саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған еді.

Мағжан бабамыз ақыры 1960 жылы әрең ақталса да, ұлы ақынның артында қалған баға жеткізсіз, мол рухани мұраларын жарыққа шығару тыйым салынған болатын. Бірін-саран адамдар Мағжанның жалынды жырларын ұмытпай жадында сақтап, елден жасырынып, жатқа оқығаны болмаса, Мағжан есімін айтуға да қорқып тұратын заман 29 жылға созылды. Тек 1988 жылы ғана Мағжан бабамыз толық ақталып, туған халқымен қайтадан қауышты. Мәңгі өшпес өршіл рухымен, мәлдір жырларымен ортамызға мәңгілікке оралды. Халқымыз сүйікті ұлын, жыр пайғамбарын қолынан түсірмей, төбелеріне көтеріп тағзым етті.

Түркияда алғашқы кітап 1965 жылы басылды. Туған жерінде 1993 жылы 100 жылдық той үш күн дүркіретіп аталып өтті. Бал қарағайдан төрт белмеден тұратын төл музей іске қосылды. Ақиық ақын сағыныш сезімімен жырлаған Сасықкөпдік жанында ата-қоныстың маңына, сулу табиғатпен үндескен жерге жақпартас қойылып, 150 киіз үй тігіліп, жетпіс мың адам мерекеге қатысқан болатын.

2008 жылы тұрғындардың және зиялы қауымның ұсыныстарын ескере отыра, музей дәрежесін көтеру ұйғарылған болатын. Аз уақыттың ішінде музей күрделі жөндеуден өтіп, заман талабына сай экспозициялық және мемориалдық залдар жаңартылды. Мағжан Жұмабаевтың 115 жылдығына орай 2008 жылдың 21 маусымында қайта жаңартылған «Мағжан Жұмабаев музейі» салтанаты түрде ашылды.

2018 жылдың ақпан айында алдымен Түркияда «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының қолдауымен «Мағжан Жұмабай жылының» ашылу салтанаты, кейін Париж қаласында «Рухани жаңғыру және мәдени мұра: өткеннен келешекке түркі тілі» атты халықаралық форум және жерлесіміздің 125 жылдық мерейтойы «ЮНЕСКО» деңгейінде атап өтілуі осының куәсі.

Кіндік қаны тамған туған жерінде 23-24 маусымда Сарытомар ауылының маңында қайың ағаштың баурайында орын тепкен отанауылда ақшым ақын Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығы мен 130 жылдығы да дүркіретіп аталып өтті. Сондай-ақ ақынның 130-жылдығына ата қоныс Сасықкөпдік басында «Мағжан алпесейі» ашылған болатын.

Биыл ақиық ақынның туғанына да 132 жыл. Қазақ халқының ғана емес, түркі тілдес халықтардың мақтанышына айналған, көзі тірісінде мәңгілік сөнбес шолпан жұлдызындай жарқырап шыққан Мағжан ақынның жырлары уақыт өткен сайын құнды болып қала бермек.

Мағжанның өзі де, жыры да мәңгілік, елімен, халқымен бірге жасай береді. Тұғыры биік тулғаның туын жақпап, оны биікке көтері - бүгінгі және ескелең Мағжан сенім артып кеткен жастардың еншісінде.

Біз өмір сүріп отырған кезең Мағжан аты, Мағжан жұлдызының жарқырап қайта жаңған көзі. Осы жұлдыз қайта сөнбей жарқырай жана берсе деймін.

Қазақтың дархан даласында туған Мағжан өмірі біз үшін үлгі, өнеге. «Мен өлмеймін, менің де өлмейді», - деп жазып кеткен алты Алаштың ардақтысы Мағжан Жұмабаев арқашан қазақ халқымен бірге жасап, есімі адамзат әлемінде құрметпен еске алынатынына сенімдімін.

Айгүл ТЕНДІҚЫЗЫ.

РЕФОРМАЛАРДЫҢ МӘНІ – 3:



Жалғасы, басы 1-бетте.

Осыдан келіп, мынадай сұрақ туындайды. Жалпы, Қазақстан дегеніміз не? Ол этностық тұтастық па, әлде ортақ азаматтық біріктірген өз қазанында қайнаған этномәдени суббірегейлік пе? Ұлттық коктейльдің ингредиенттерін біріктіретін не? Мәдениет, туыстық, саяси құндылықтар, ортақ тарих немесе болашаққа деген көзқарас па? Егер біріктіруші мәдениет болса, ол біртұтас па, әлде көпмәдениетті ме? Этностық, діни, әлеуметтік және саяси бірегейліктен биік тұратын баршаға ортақ супер-бірегейлік бізге тән бе?

Осы сұрақтарды қоюдың өзі ықтимал жауаптың көп болатынын меңзейді. Қымбатты оқырман да солай ойлайтыны анық. Бірақ біз бұдан қысылмауымыз керек. Өйткені ХХІ ғасыр – басқаларды айтпағанда, ұлттық бірегейліктің өзі әлемдік дағдарысқа тап болған дәуір.

Бұл дағдарыс барлық жерде байқалады және жаһандық сипатқа ие. Одан бай-қуатты Батыс Еуропа да, АҚШ та тыс қала алған жоқ. Бұған дәлел америкалық балқуы қазанының классикалық моделі бірнеше фактордың күшті қысымымен негізгі англо-протестанттық бірегейлік әспіргенге тұста сыр беруі айқын дәлел бола алады. Бұл қандай факторлар? Олар: Латын Америкасы мен Азиядан жалапай көшу, мәдени әралуандықтың кеңінен таралуы, нәсіл, этнос және жыныстық белгілер ұғымдарына негізделген топтық бірегейліктің орнығуы, диаспоралардың, космополитизм мен элитаның трансұлттық өзіндік бірегейлігінің күшеюі.

Осылайша, дәстүрлі америкалық бірегейлік кейінгі сегіз-тоғыз жылда айтарлықтай дағдарысқа тап болды. Таразының бір басында «Black Lives Matter» ұранымен жалпай наразылықтарға ұласқан нәсілдік дағдарыс тұр. Ал оның екінші басына АҚШ-тың ішкі және сыртқы парадигмасының түбегейлі өзгерісі орналасқан. Осының нәтижесінде «Make America Great Again» деген ұранды түп еткен Дональд Трамп АҚШ-тың 47-ші Президенті болып сайланғаны мәлім. Кейінгі жылдары №1 әлемдік держава Американы ұлы ел еткен ұлттық бірегейліктің тамырына оралу үшін жасаған ВЛМ-нен МАГА-ға дейінгі бұл күрт бетбұрыс осы материалдағы емес категорияның әлем тағдырындағы шешуші мәнін көрсетеді.

Осыдан келіп шығатын қорытынды: әрбір мемлекет үшін алдымен – ұлттық бірегейлік, содан кейін ғана – экономика мен саясат. ХХІ ғасырдағы кез келген елдің мемлекеттік басымдықтың үшінші орнын осылай айқындауға болады. Мәнінше, бұл артық айқандық емес.

Сондықтан 2022 жылғы бетбұрыс көзөнінен бастап, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстан құру туралы бастама көтеріп, өзінің реформалық күн тәртібіне ұлттық бірлік мәселесін қосты. Сондай-ақ Президентіміз: «Біз «Түркі кезқарас, біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануымыз керек» деп, оған еліміздің барлық азаматы үшін ортақ бірегейлік құндылығы турғысынан назар аударды. Мемлекет басшысы осылайша ұлттың жаңа сапасын және барша азаматқа ортақ құндылықтарды қалыптастыру жолында бәрімізді ұлттық бірегейлікті нығайтуға шақырып отыр.

КАТАР ЖОЛДАР

ТОҒЫСПАЙДЫ

Осы ретте септіктерді сөйлестенсіз, олар былай дер еді:

біріншіден, біз мұның бәрін өткен отыз жылда бірнеше рет естідік; екіншіден, мемлекеттің бұрынғы басшылары Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап ұлттық бірлік пен ортақ бірегейлік мәселелерімен айналысып келді.

Шындығында, өткен отыз жылдан астам уақыт ішінде қазақстандық бірегейлік пен ұлт санасын жаңғырту қажеттілігі туралы мәлімдемелер билік дискурсы үшін ортақ мәселеге айналды. Олай болса, сіз бұрынғы кезеңдегі ұлт құру саясаты мен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазіргі реформалары арасында түбегейлі айырмашылық бар ма деп сұрайтыныыз анық.

Спойлер: айырмашылық бар және ол айтарлықтай үлкен десек, артық емес.

Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін бәрін басынан сараптауымыз керек. Ең алдымен, біз өзі жас ұлтымыз ба? Жауап: ие және жоқ. Өйткені Тәуелсіздік алған сәтті жаңа ұлттың пайда болуының бастауы деп санауға да болар еді. Бірақ, сонымен бірге, мұны кем дегенде 13 ғасыр бұрын немесе одан ертерек, біздің жерімізде, мәдениетіміз бен генімізде өз ізін қалдырған сактардың, ғұндардың және ежелгі түркілердің көпшілігі өркенітеттерінен басталған тұтас әрі ұзақ тарихи тізбектің табиғи жалғасы деп қарастыруға жөн. Тікелей біздің ұлтымыздың Қазақстан аумағында қалыптасуы бүгін немесе тіпті 30 жыл бұрын да басталған жоқ. Ол бір-бірімен астасып жатқан екі үдеріспен байланысты: біріншісі – қазақ этносының Жошы Ұлысындағы халықтардың конгломератында пайда болып, бөлінуі, кейін 300 жылдан астам уақыт бойы өз мемлекеттілігі шеңберінде дамуы, екіншісі – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы құрамындағы көпэтностық бірегей халықтың қалыптасуы.

1991 жылдан бастап бұл үдерістердің екеуі де күшті турғысында мірасор мемлекет Қазақстан Республикасында егемен ұлттың құрылысы ретінде жалғасын тапты. Мұнда екі жолды ажыратып көрсету керек. Өйткені төменнен – мемлекеттік егемендік пен нарықтық экономика жағдайындағы қоғамдық «өзін-өзі құрудың» стихиялық, табиғи процесті жүрді. Ал жоғарыдан – көпэтностық кеңестік дәуірінен кейінгі халықты жаңа типтегі азаматтық бірлікке интеграциялау жөніндегі мемлекеттік ішкі саясат жүзеге асырылды.

Әрине, бұл екі жол да бүгінде этносқа, нәсілге немесе әлеуметтік мәртебеге қарамастан, бізге танымал сипат берген дәстүрлердің, әдеттерінің, мәмілелің, өмірлік тәжірибелің, мақсаттардың, құндылықтар мен мұраттардың бастапқы синтезі болған ортақ нәтижеге келді. Бұл ортақ нәтиже – шетелде жүріп те, бір-бірімізді жазбай танытын адамның сипаты.

Алайда «жоғарыдан» басталған жол анағұрлым қиын болып шықты және ол басталған жерінен алыстаған сайын алғашқы импульс энергиясын жоғалта берді. Біз қазір ішкі, сыртқы, экономикалық, әлеуметтік және тағы басқа бағыттардан тұратын жалпы мемлекеттік саясат туралы емес, мақсатты мемлекеттік ұлт құру жобасы туралы айтып отырмыз.

Рәсіммен, бұл бағыттағы алғашқы бастамалар, соның ішінде Конституцияда бекітілген қадамдар, жақсы әрі нәтижелі болды. Бірақ кейіннен нақты әрекеттер декларативті дүниелерге ұласып, тақырыптық дискурстың тұң-

ғығына батып кетті. 2015 жылы Президент Жарлығымен қабылданған Қазақстанның бірегейлігі мен бірлігін нығайту және дамыту тұжырымдамасын бүгінде ешкім есіне түсіре қоймас. Бірақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасы көпшіліктің санасынан көше қоймаған шығар. Дегенмен мазмұн жағынан белгілі бір инновациялық сипатқа ие болғанымен, ол да бюрократиялық құжаттама мен есептердің арасында жоғалып кетті.

Сондай-ақ Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы жазылғаны белгілі. Онда дамыған 30 елдің қатарына кіру жоспарынан белек, халқымыздың тарихи санасының өзге ретінде бүкілқазақстандық бірегейлік алға шығарылды. Сонымен бір қатарда дамып келе жатқан қазақстандық азаматтық қоғамдастықтың біріктіруші негізі ретінде қазақ халқының рөліне мән берілді.

Бұл екі тезис бір-бірімен байланысты секілді көрінсе де, нәтижесінде бізде қос бірегейлік фактісінің бар екенін көрсетті. Оның бірі – дамып жатқан азаматтық бірегейлік, ал екіншісі – политностық электрондар үшін тартылыс ядросы болатын қазақ этносның бірегейлігі. Ал мұның бәрінгі бір арнаға тоғысуы тек 2050 жылға қарай толық аяқталды деп күтілген еді.

Осылайша, Қазақстан халқының өзіндік бірегейлігінің екі деңгейі тіркеледі: біріншісі – ортақ саяси құндылықтарға негізделген біртұтас азаматтықтан туындайтын баршаға ортақ бірегейлік, екіншісі – қазақ этносның бірегейлігі. Сөйесінше, екі бірегейлікті, Қазақстан азаматы мен қазақ этносның бірегейлігі қатар дамытуға ұзақмерзімді бағыт берілді. Оған сәйкес ұлтты жасанды түрде құрастырылмаған, адамдар қолдайтын шынайы құндылықтар негізінде баршаға ортақ бірегейлік аясына ұйыстыру міндетін шешу кем дегенде 2050 жылға дейін шегерілді.

Міне, «ескі» және «жаңа» Қазақстан арасындағы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесі осы жерден екіге ажырайды.

«ТОҚАЕВ МОДЕЛІ»

Сонымен, ұлттық бірегейлік мәселесіндегі ескі және жаңа кезқарастардың айырмашылығы неде? Бұрын ұлт құру процесі, негізінен, стихиялық болды және оған «жоғарыдан» ықпал ету әрекеттері декларативті тетіктерді қабылдаумен шектелді. Сондай-ақ бұл жұмыстың барлығы мемлекеттің ақпараттық тапсырысымен орындалатын БАҚ-тағы тақырыптық дискурспен тәмамдалатын. Ал «Тоқаев моделі» болса, мемлекет пен қоғамның ұлтты біріктіріп қана қоймай, оған ХХІ ғасырда жаңа сапа бере алатын ортақ құндылықтарды іріктеу және әзірлеу жөніндегі проактивті қызметін ұсынады.

Дәл осылай екі бірегейліктің орнына елді бөліп-жармайтын жаңа тәсіл алға шыға бастады. Осынау «Тоқаев моделі» Тәуелсіздік алғалы бері бір жүйеге түскен және көпшілік қабылдаған ортақ мәдени, саяси, экономикалық, тұрмыстық, дәстүрлі, өмірлік құндылықтар кешенін негізге алады. Бұл үлгі еліміздің азаматтарын жікке бөлмейді, керісінше біріктіреді. Мұның бәрі, түптеп келгенде, жаңа жалпыұлттық бірегейліктің іргетасы болып қаланады. Бұл – уақыт талабына сай нығайту мен жетілдіру арқылы жұмыс істеуге болатын және соған қажет берік қоспа. Ескеретін жайт: оның барлық құраушы бөлшектері механикалық қоспа емес, қорытыла, яғни, түрлі құрамдас бөлшектердің жаңа бірегей мәнге сапалы трансформациялануының нәтижесі.

Бұл қорытпаның бірегейлігі сол – ол өртүрлі мәдени құндылыққа негізделген элементтердің бітеқайнасып кетуімен ғана айқындалмайды. Сондай-ақ Қазақстан халқының жалпыұлттық бірегейлігінің негізгі сипаты – «қазақы» мәдени кодтың басым болуымен де дараланып тұрады. Бұл, шамамен, «ағылшындық», британдық бірегейліктің бол-

мысын айқындайтын жағдайға ұқсайды. Бұл ретте қазақы бірегейлік те басқа дәстүрлердің мәдени элементтерін өзіне қабылдайтынын назарда ұстаған жөн.

Дәл осы қазақы мәдени код элементтері ортақ азаматтықпен және өзге де ортақ құндылықтармен бір қатарда тұрады, алуантүрлі сипаттағы бірлікті қамтамасыз ететін маңызға ие. Сонымен бірге бұл ұлтқа, көзбен көріп, қолмен ұстау мүмкін емес, өзгеріп-ұқсайтын ерекшелік сыйлайды. Соның арқасында біз шетелдіктер арасынан «қазақтарды» этностық тегіне қарамастан, жазбай тани аламыз.

Бұл модельдің мәнін Мемлекет басшысы 2023 жылы былайша тұжырымдап берді: «Бүгінде азаматтарымыздың барлығы өздерін үлкен әрі біртұтас қазақ отбасының, шын мәнінде, қазақ елінің мүшесі сезінеді. /.../ Осы ретте біз мақтаншыл ететін этномәдени әралуандығымыз ешқандай жоғалып кетпейді. Керісінше, біртұтас азаматтық негіз есебінен нығая түседі. Елімізде түрлі мәдени дәстүрлері жалпыұлттық бірегейліктің берік іргетасы болып қаланатын өзімізге тән айрықша өмір сүру салты қалыптасты.

Ұлт құрылысының аморфтық, бет-әлпетсіз, субьектісіз жалпы-азаматтық моделінен қазақ мәдени генотипінің айқын субьектілігіне ауысуы – Тоқаев моделінің басты маңызы ерекшелігі. Бұл жеке-леген бірегейліктердің «біртұтас қазақ отбасының» аясында бір мәдени-ақыл-ой матрицасына ұласуынан көрінеді. Мұның бәрі – ешқандай қысымсыз немесе мәжбүрлі ассимиляциялаусыз, тұрғылықты жерді, мәдени ортаны және сандық фактордың ықпалымен болып жатқан табиғи процесс.

Осы пікірімізге Мемлекет басшысының: «Даңқты отандастарымызды, спортшыларымызды, мәдениет қайраткерлерімізді, ғалымдарымыз бен студенттерімізді, кәсіпкерлерімізді шыңқан тегіне қарамастан, шетелде үнемі қазақтар деп атайды. Бұл – табиғи құбылыс. Солай болуға тиіс», – деген ұстанымы дәлел.

Объективті үдерістерді негізге алу – «Тоқаев моделінің» тағы бір ерекшелігі. Бұл – түп-тамырдан алшақталып, негізсіз шығындарға ғана әкелетін күрделі конструкцияларды, доктриналар мен бағдарламалар жасауға тырысу-дан түбегейлі бас тарту деген сөз.

Алайда осы қарапайымдылық жағдайды жүгенсіз жіберу дегенді білдірмейді. Керісінше, бұл – оқилардың қалыптасуы ағынына жердемдесу, бағытты түзеп, жолда кездескен кедергілерді еңсеріп, кедергілер туғызбай, қоғам көшіне ілесіп отыру. Айқиды қағидаты да осыған саяды. Яғни, ол – табиғи процестердің энергиясын ақырын, бірақ анық, тұншықтырмай әрі тежемей мақсатқа бағыттау. Сонымен қатар ол – қарсы қоймай ортақ мүдделерді іздеу, ассимиляциялаймай интеграциялау.

«Тоқаев моделінің» тағы бір маңызды құрамдас бөлігі – прагматизм және нәтижені көздеу. Соның негізінде дискурс шындығын іс-әрекет шындығы алмастырды. Тіімділігі күменді, ұзаққа созылатын, бірінен-бірі туындайтын бағдарламалардың орнын нақты істер басты. Осыған қарап, Жаңа Қазақстан дегеніміз амалдың сөзден басым түсуі деп айта аламыз. Бұл 15 жылға жуық уақыт тұралап қалған ауқымды ЛРТ жобасының Мемлекет басшысы араласқаннан кейін 2025 жылдың қунында тест-драйвтан өтуге дайын болуында да көріне керек.

Ұлт құру ісіндегі бұл прагматизм барлық бағыттан байқалады. Әсіресе, поп-мәдениетті, фильмдерді, сәнді, тамақты, спортты, әлеуметтік желілердегі контентті қалыптастырушы есерді туындататын негізгі бағыттар саналы түрде қолдау мен насихаттаудан да көрінеді. Қалыптастырушы есер деп отырғанын – ұлттық трендтердің, көп жағдайда, жастар арасында қалыптасуына барынша кең және терең әсер ететіндігі таралған көңіл күй толқыны. Мұнда да «қа-

зақылықты» сәнге айналдырған креативті индустрия «Тоқаев моделінің» негізгі басымдығы екенін атап өткен жөн.

Бұған нақты мысалдар аз емес. Себебі кейінгі жылдары Димаш Құдайберген, Ирина Кайратовна, Қазыбек Құрайыш, Мирас пен басқа да жаңа толқын Q-pop орындаушылары арқылы қазақ поп-музыкасы әлемге танылды. Қазақ киноиндустриясы қарқын алып, соңғы екі-үш жылда фешн- және гастро-индустриядағы этно-бағыттар алға шықты. Әлеуметтік желілерде ұлттық тақырыпқа арналған авторлық роликтердің саны да, сапасы да артты. Мұның бәрі – біздің пікіріміздің дұрыс екенін растайтын дәлелдер.

Жалпы, Мемлекет басшысы креативті индустрияны ұлттық жаңғырудың маңызды тетігінің бірі ретінде қарастыруы тегін емес. Себебі дәл осы салада soft power, яғни жұмсақ күшті пайдаланудың берері мол. Бұл істе ешкімді мәжбүрлеу, күшпен көндіру немесе медиа гипнозды қолданудың қажеті жоқ. Қайта тартымды трендтер жалпытастыру арқылы жеке қызығушылыққа және эмоцияға өсер ететін тетіктерді жандандыру айрықша мәнге ие.

Түптеп келгенде, болашақтағы ұлттың жаңасаласын қалыптастыру жолын айқындау және содан келіп туындайтын ұлттық ренессанс «Тоқаев моделінің» негізгі қағидаты саналады. Мемлекет басшысы атап өткендей: «Жас ұрпақ тарих тағылымын және елдің жарқын болашаққа ұмтылысын бір арнаға тоғыстырып жатыр. Осылайша, олар ұлттың рухын жаңғыртуда. Осы серпінділіктің қарқынын сақтай отырып, оны күшейте түсу – мемлекеттің міндеті. Бұл міндетті абыроймен атқарсақ, қазақтың ренессанс дәуірі, яғни түбегейлі өзгерістер заманы келеді».

ХХІ ғасырда ұлтты қайта жаңғырту 2050 жылдарға көздеген бұлаңғыр меже емес, ол – орта мерзімде нақты қол жеткізуге болатын айқын мақсат. Бұл жолда ұлт өзін бір отбасы ретінде сезінуге тиіс. Бұл отбасыны ортақ құндылықтар және еліміздің ұзақмерзімді даму перспективаларына деген ортақ көзқарас байланыстыру шарт. Ал мұны тек ұлттық диалог арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің жаңа институты – «тарих тағылымы мен жарқын болашақты» тоғыстыратын Ұлттық құрылтай дәл осы мақсатпен құрылды.

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

Ұлттық құрылтайдың 2022 жылғы маусымда өткен тарихи I отырысында ұлттық жаңғырудың негізі қаланды. Сол жолда Мемлекет басшысы: «Құрылтайдың басты мақсаты – жаңа идеялар мен жасампаз қадамдар арқылы ұлт бірлігін нығайту», деп, жаңа алаңның рөлін айқындап берді. Осылайша, ұлтымызға ұя болған қасиетті Ұлытау төрінде, қазақ хандарының атасы Жошы хан кесенесінің іргесінде тамырын тереңге жайған мемлекеттілігіміздің жаңа дәуірі басталды деуге толық негіз бар.

Қазақтың мәдени және тарихи дәстүрін бастау алатын Ұлттық құрылтайдың форматы дала демократиясы институтының мәнін жаңғыртып қана қоймай, халықтың тарихи жадына, гасырлар бойы сақталған әдет-ғұрпына табан тіреді. Мұның мәні тереңде жатыр. Бұл даңқты тарихты еске алу үшін жасалып жатқан символикалық шара емес. Ол – болашақтың келбетіне ұлы тарих арқылы қарауға мүмкіндік беретін кадам.

Қазақстан тарихында ұлттық бірегейліктің қалыптасуына әсер етіп, біздің мәдени-ментальды жадымызда терең із қалдырған ұя маңызды кезеңді белгілі бір шарттылықпен бөліп көрсетуге болады. Біріншісі – VIII ғасырдан XII ғасырға дейін жалғасқан Орталық Азиядағы ағартушылық дәуірі болса, екінші кезең – Алтын орда уақыты. Ал үшінші кезең – Төуке хан билеген Қазақ хандығының алтын ғасыры.

Өркенітетін тоғысында болған Қазақстан өзінің көп гасырлық тарихында өлемнің сан алуан салт-

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҢ ЖАҢА САПАСЫ

дәстүрін бойына сіңірді. Бұл – мәдени кодымыздың ажырамас бір бөлшегі, ұлтымның баға жетпес байлығы және бәсеке жолындағы артықшылығы. Мемлекет басшысының бұл сөздері Орталық Азия өңірінде, оның ішінде біздің еліміздің аумағында өркениеттің өркендеген дәуірін дәл сипаттайды. Шын мәнінде, сол кезең адамзатқа Шығыста Екінші ұстаз атанған әйгілі энциклопедист әл-Фараби, Бируни, Ибн-Сина, алгебраның атасы әл-Хорезми, Қожа Ахмет Ясауиді, әл-Бухари, Румиді, Жүсіп Баласағұнды, Омар Хайямды және басқа да ұлы есімдерді берді.

Бұл ғалымдар мен ойшылдардың, географтар мен саяхатшылардың, философтар мен теологтардың, ақындардың, суретшілердің, музыканттардың, сәулетшілер мен саудагерлердің дәуірі болды. Мұның бәрі Еуропадағы ғылым мен өнердің даму кезеңінен бірнеше ғасыр бұрын болғанын атап өткен жөн. Бұл нағыз ағарту және 500 жылға лагасқан рухани гүлдену дәуірі еді. Ол кезде Орталық Азия бүкіл өлемнің ғылыми және мәдени орталығы, елдер мен халықтар арасындағы алтын көпір болғаны белгілі. Осы бірнеше ғасырға ұласқан интеллектуалды өрлеу кезеңінде жинақталған мол қазына бүкіл адамзаттың, соның ішінде XVIII ғасырдағы Еуропадағы ғылым мен білімнің серпілісіне жол ашты.

Осыншалық даму мен ілгерілеу Ұлы Жібек жолының бойында болғаны айрықша маңызға ие. Бұл өркениет Қазақстанның оңтүстігіндегі қалаларды қамтыды. Мәселен, ежелгі Тараздың саудамен тығыз байланысты болғаны соншалық, кейбір деректерде шаһардың атауы «таразы» сөзінен шығатыны жөнінде айтылады. Коммерциялық белсенділік қалалардың дамуына, ауқымын трансұлттық байланыстарға және тұтас «халықаралық инфрақұрылымның» пайда болуына ықпал етті. Ол дегеніміз – қызмет көрсету саласы: қонақүйлер, керуен-сарайлар, базарлар мен қоймалар. Сол кезде дүниенің әр түпкірінде саудагерлер мен қолөнершілер, саяхатшылар мен ғалымдар, өнерпаздар мен суретшілер бай қалаларға ағылды. Әлемді танып-білген, өз бетінше шешім қабылдай алатын, жетілікті салық төлейтін, өздерімен билік санасатын деңгейдегі саудагер кәсіпкерлердің тұтас шоғыры қалыптасты.

Орталық Азиядағы ағарту дәуірі еліміздің ілгерілеуіне үлкен өсерін тигізін, халқымыздың ұжымдық санасында айқын із қалдырды. Бұл кезең әлемге ашық болу, мәдениеттер полифониясы, толеранттылық, бәрімен тіл табыса білу, дипломатия еңері, білім жолындағы талпыныс сияқты халқымызға тән қасиеттердің қайнар көзі екені сөзсіз.

Біздің бірегейлігіміздің қалыптасу жолындағы екінші маңызды кезең – Алтын Орда дәуірі. Шын мәнінде, дәл осы жерде XIII-XV ғасырларда халықтардың тарихи қауымдастығы қалыптасты. Одан Жошы Ұлысының аумағын, тілін, дәстүрі мен болмысын мұра етіп қабылдаған қазақ этносы бөлініп шыққаны белгілі.

Көне тарихшыларының «Алтын Орда өзгiсi», басып алған халықты найзамен қылыш арқылы қорқытып ұстаған жабайы көшпенділер ордасы туралы айтқан стереотипті тұжырымна қарамастан, Жошы Ұлысы орта ғасырда өркениеттің ошағы болды. Бірін-бірі толықтыратын түсетін қалалық және көшпелі мәдениеттердің синкретикалық үйлесімділігінен оның бірегейлігі қалыптасты. Көшпенділердің жауынгерлік айбыны қала қолөнершілерінің өнерімен ұштасып, сауда керуендері өлемнің үздік сарбаздарының қорғауымен шығыстан батысқа қарай ағылып жатты. Базарлар Ойкуменаның әр түпкірінде келген тауарларға толы болды. Ал, діни төзімділік өзара қыпшақ диалектісінде сөйлесетін мұсылмандарға, қырым иудей-караимдарына, несториан-христиандарға және православие өкілдеріне бейбіт қатар өмір сүруге мүмкіндік берді.

Жошы Ұлысының мәдени алуандығы философия, дін, медицина, математика, парсы және түркі әдеби дәстүрлермен қатар, Орталық Азия ислам ағартушылық мұрасын, сондай-ақ өзінің бай фольклорын, оның ішінде батырлар жырын бойына сіңірді. Алтын Орда бірнеше ғасыр бойы Қытай және Үндістан, сондай-ақ Ресей және Қырымдағы италиялық (генуэзиялық) факториялар арқылы Шығыс пен Батыс арасында Ұлы Жібек жолындағы сауда және мәдени көпір, Транскаспий дәлізінің баламасы болды.

Тіл осы этномәдени әралуандықты біріктірген құрал ретінде қызмет етті. Ол – жазбаша оғыз-қыпшақ түркі тілі мен lingua franca – қыпшақ тілінің халықтық диалектілері. Турпайы латыннан француз және испан тілдері пайда болғаны сияқты бұлардың бірі қазіргі қазақ тіліне айналды.

Осы этностық, діни және мәдени толеранттылықтың нәтижесінде Алтын Ордада өмір сүрген халықтар ерекше көпмәдени жүйе ретінде қалыптасты. Лев Гумилевше айтқанда, оны суперэтнос деуге болады. Бұл – белгілі бір өңірде бір уақытта пайда болған, экономикалық, идеологиялық және саяси тұрғыдан өзара байланысты және тарихта мозаикалық тұтастық танытқан этностар тобы.

Қазіргі Қазақстан – Ұлы Даланың дәл жүрегінде, Алтайдан Каспийге, Сібірден Сырдарияға дейінгі Жошы Ұлысының негізгі аумағын сақтап қалған және оның мәдени-ментальдық парадигмасын қабылдап алған жалғыз егемен мемлекет. Содан қазақтың бүгінгі бірегейлігі бастау алды. Оның мәні – түркілік, еуразиялық, шығыс, батыс және дәстүрлі қазақ құндылықтарының синтезі, дінаралық және этносаралық толеранттылық, табандылық, байсалды авантюризм, бостандық пен жаңа көкжиектерге ұмтылу.

Бірегейлігіміздің қалыптасуындағы үшінші маңызды кезең – халық арасында өз-Тәуке – Дана Тәуке атанған ұлы реформатор. Қазақ Конституциясы әйгілі «Жеті жарғы» заңдар жинағын қабылдаған Тәуке хан билік құрған уақыт. Халық арасында бұл кезең қазақ үшін алтын ғасыр саналғаны тегін емес.

Тәуке хан басқару және құқық жүйесіндегі реформалардың арқасында ішкі саясатынастарды реттеді. Ол билік қатынастарының жүйесін өзгертті. Билікті бір қолда шоғырландырмау саясатын жүргізді. Ескі бай-сұлтандарды ығыстырып, халық өз арасынан сайлаған ру билерін мемлекетті басқаруға тартты. Билер билік пен халық арасындағы кері байланысты және даулы мәселелердің әділ шешілуін қамтамасыз етті.

Консенсус, яғни ортақ мәміле басқарудың негізгі қағидаты ретінде жарияланды. Элита арасындағы қақтығыстар тоқтап, заңның әділдігі мен үстемдігі орнады. Экономика дамып, сауда өркендеді. Тұрақты өткізіліп тұрған билер құрылтайы жалпыұлттық мәселелер шешілетін маңызды мемлекеттік органға айналды. Еліміздегі бүгінгі Ұлттық құрылтай осы демократиялық дәстүрдің тікелей жалғасы екені анық.

Сол кезең халықтың санасында алтын ғасыр, игілік пен бейбітшілік салтанат құрған әділетті әрі жайлы дәуір, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман» болып, мәңгіге қалды.

Ұлы бабаларымыз бізге жақсылық пен жамандықтың аражігін ажырату, қашанда әділдік пен ар-намысты ту ету, қарапайым әрі қайсар болу, білімге талпыну, жақынға қамқорлық таныту, үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсету, туыстық қарым-қатынасты үзеу, Тәуелсіздікке ұмтылу, жанашырлықты меңгеру, балалардың еркіндігін мен дұрыс мақсат сияқты құндылықтарды баға жетпес мұра етіп қалдырды. Біздің ендігі міндетіміз – осы бай қазынаны әрі қарай дамыту және соның айналасына топтасу. Сол арқылы Ұлы Даланың жанарған және мәңгілік жүрегінде болашаққа лайықты ұлт қалыптастыру.

Біздің ренессанс қазіргі өзінде басталып кетті. Соның нәтижесінде

ұлттың өсіп-өркендеуіне жаңа жол ашылды. Даңқты жауынгерлер мен саудагерлерден, ғалымдар мен ақындардан, хандар мен билерден, қоныс аударушылар мен жер аударылғандардан, ағартушылардан, Алтын Орда, Қазақ хандығы, Алаш ордасы, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы дәуіріндегі зиялы қауым мен жұмысшылардан бізге жеткен ДНК код – соның көпірі.

КЕЛЕСЕК КӨКЖИЕГІ

2022 жыл еліміз үшін халықтың санасынотқан, ұлттыңбірегейлігін қалыптастыру процесін жандандырып, жаңа бағыт-бағдар берген мәңгілік жыл болды. Цифрлық дәуірдегі геосаяси сын-қатер көбейген осынау уақытта ұлтты біріктіретін тұрақты және саналы бірегейлікті сақтап, нығайту жетіліксіз екені анық. Сондықтан бірнеше қадам алда жүру және XXI ғасырда ұлтты жаһандық геосаяси аренада бәсекеге қабілетті ететін құндылықтарды қалыптастыруда қазіргі өзінде бастау аса маңызды. Бұл – Қазақстанның өлемнің болашақ саяси картасынан алатын орнына тікелей қатысты мәселе.

Бүгінде Қазақстан Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жан-жақты ойластырылған және жүйелі қадамдарының арқасында өзінің өлемдегі лайықты орнын иеленді. Сондықтан біз өлде айналасында дау-жанжал беле алған ортада бейбітшілік мекені болып қалып отырмыз. Біздің жауымыз жоқ, өз көзқарасымыз бен мүддемізді сақтай отырып, бәрімен достық қарым-қатынас орнаттық. Өзіміз Шығыс Азия мен Еуропа арасындағы жаңа Жібек жолының маңызды логистикалық тәрмағы ретінде таныта алдық. Ресей, Қытай және жаһандық Оңтүстік сияқты геосаяси алыптардың ортасында өзміздің бағдарымызды сақтап қана қоймай, маңызды өңірлік күш ретінде дамып келеміз. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның саяси лагерьлерден тыс мультилатерализм саясатын ұстанатын орта держава ретіндегі мәртебесі айрықша маңызға ие. Сыртқы саяси бағдардың бұл өзгерісі туралы 2024 жылдың жазында Еуропалық Одақтың сол кездегі Сыртқы істер және қауіпсіздік жөніндегі Жоғарғы өкілі Жозеп Боррель: «Бұрын Қазақстан периферияның орталығы саналатын еді. Ал ол қазір бәрінің нақ ортасына жайғасты», – деп пікір білдірген болатын.

Қазақстан көп өлемнен салыстырғанда, бүкіл өлемді шарпыған бірегейлік дағдарысынан шығатын жолды тапты. Кейбір мемлекеттерде, оның ішінде өлемдік державаларда бұл сын-қатерге жауап ретінде регресс, этностық ұлтшылдық, ксенофобияның өршуі, оңшыл радикализмнің белең алуы, өңірлік және ұлттық деңгейде оқшаулану, солардың салдарынан кері кету байқалғаны жасырын емес. Ал Қазақстан ішкі этномәдени интеграция арқылы, өшкімнің құқығына нұқсан келтірмей әрі ассимиляциялаудан бас тартып, ұлттық жаңғыруға ұмтылды.

Қоғамдық санада болашақтағы ұлттық құндылық пен мәдени-ақыл-ой негізін қалыптастыру және бекіту – күн тәртібіміздегі өзекті мәселе. Оның тартымды болуы Қазақстанның өрбір азаматына жаңа мүмкіндік беріп, өл брәндің іштелде бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз етер еді. Бұл – XXI ғасырда ұлттық идеяға айналуға лайық тарихи ауқымдағы мақсат.

Мемлекет басшысы: «Ең алдымен, біз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға баса мән беріміз көрек. Сонымен бірге қоғамды алға жетелейтін құндылықтарды қалыптастыру қажет. Халықтың бірегейлігі мен қоғамдық сананы жаңартпай түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыру мүмкін емес», – деп, жаңа құндылықтардың бұл үдерістегі рөлін ерекше атап көрсетті.

Дәстүр мен қазіргі заманды біріктіретін жаңартылған ұлттық бірегейлік тұрақты мемлекеттіліктің негізгі орталығына, реформалар драйверіне және дағдарыс уақытында дамудың

жасампаз күшіне айналуы да керек шығар. Ол XXI ғасырдағы ұлттың деңгейіне сай келетін жаңа этиканы, рухани дамудың ұштағаны – білім, ғылым және мәдениетті, еңбек мәдениетін, цифрлық дәуірдің озық дағдыларын қалыптастыруды, сол арқылы смарт-ұлт құруды қамтиды. «Тоқаев моделінің» басты ұстанымы осы тетіктерді жалпыұлттық бірегейліктің мәдени-ментальдық матрицасына енгізуді көздейді.

Қазір оны айқындайтын негізгі құндылықтар мен мәдени үрдістерді атап көрсетуге болады. Ол, ең алдымен, Мемлекет басшысының «Адал азамат» тұжырымдамасынан көрініс тапқан әділдік, заң мен тәртіп. Бұл тұжырымдама Президентіміздің заң үстемдігін, ашықтық пен азаматтық жауапкершілікті нығайту жөніндегі саясатының маңызды бағыты саналады. Бұл идея сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы реформалармен, мемлекеттік қызметтерді цифрландырумен және жаңа қоғамдық сана қалыптастырумен тығыз байланысты. Адал азамат – сыбайлас жемқорлық ұят саналатын және заң, ашықтық, жауапкершілік қалыптасу нормаларына қоғам құндылықтары.

Мәдени мұра мен дәстүрдің жаңартылған құндылықтары – жаңа бірегейліктің маңызды элементі. Тыңғылықты зерделенген дәстүрлі негізге табан тірейтін қазіргі қазақ мәдениеті халықаралық аудиторияға да өзекті және сұранысқа ие құбылысқа айналып келеді. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде ғана емес, бірегейліктің бастапқы өрі маңызды бөлігін біріктіретін мәдениет құралы ретінде аясының кеңейе түскенін де атап өткен жөн. Бұл үрдіс ұлттық ренессанстың негізгі элементіне айналып келеді. Наурыз тойлау, этностильдегі ким үлгісіне, халық аспаптарына, ұлттық тағамдарға сұраныстың артуы сияқты жаңартылған әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер де ұлт бірлігіне ықпал ететіні анық.

Патриотизм мен ұлттық бірлік – ресми идеология ретінде емес, өл мен халық үшін мақтанш сөзіміз, мемлекеттік рәміздерге – Туға, Әнұран мен Елтаңбаға, ата-бабаларымыздың тарихи жады мен рухани мұрасына деген шынайы құрмет, азаматтық келісіміміз, этносаралық және дінаралық толеранттылықтың маңыздылығын түсіну жолындағы негізгі құндылықтар.

«Смарт-ұлт» тұжырымдамасы «Қазақ ренессансының» айқындаушы құрамдас бөлігіне айналуға тиіс. Ол – цифрлық трансформация жағдайында қатты дамыған, білімді, технологиялық тұрғыдан ілгері және әлеуметтік жауапты қоғам қалыптастыру деген сөз. Смарт-ұлт – технологияны қолданатын қоғам ғана емес, сонымен бірге азаматтардың білім деңгейі мен цифрлық сауаттылығы жоғары, инновациялық ойлау қабілеті, қоғамдық игілікке деген жауапкершілігі дамыған, өзін-өзі оқыту, бейімделу және жұмылу дағдылары қалыптасқан болашаққа лайық қоғам.

Сонымен қатар смарт-ұлт төреңнен ойлауды, когнитивті икемділікті, технологиялық өзгерістер жағдайында оқуға және қайта үйренуге дайын болуды, жаңа идеялар мен тәсілдерге ашықтықты, креативтілікті пен инновациялық ойлауды дамытады. Өмірдің барлық саласында цифрлық технологияларды белсенді қолданумен қатар, смарт-ұлт инклюзивтілікті, барлығына тең мүмкіндіктерді қолдауды, экологиялық мәдениетті қалыптастыруды, «жасыл» технологияларды пайдалануды, азаматтарды бастамашы, ойшыл, этикалық өзгерістерге дайын тұратын тұлғалар ретінде тәрбиелеуді көздейді. Бұл тұжырымдаманың мақсаты – өрбір азамат әділ, тиімді және инновациялық мемлекет құрудың белсенді қатысушысы бола алатын қоғам қалыптастыру.

Қазіргі өзінде алғашқы қадамдар жасалды. Олар: «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы, «ақылды» қалалар мен

IT-білім беру саласының дамуы, Astana Hub-тың іске қосылуы, стартаптар мен жастар бастамаларына жүйелі қолдау көрсету. Смарт-ұлт көз алдымызда пайда болып жатыр. Бұл – халықаралық олимпиадаларда жеңіске жеткен және беделді шетелдік жоғары оқу орындарына түскен оқушыларымыздың жетістіктері, шахмат сияқты ақыл-ой сайысындағы зияткерлік серпіліс. Біздің жасөспірімдер журдыда Грекияда өткен өлем чемпионатында жалпы командалық есепте бірінші орын иеленіп, 6 алтын медаль жеңіп алғаны белгілі. Бұл қатардағы ең жас чемпионымыз Аліша Бисалиева небәрі сегіз жаста екенін ерекше атап өткен жөн.

Ата-бабалымыздың қалған мол мұраны XXI ғасыр трендтеріне сай жан-жақты зерделеу, жаңартылған, цифрлық дәуірдің дағдыларымен, жаңа білім және ақыл-оймен толықтыру аса маңызды. Ол – пассивті өсудің өзегі, «цифрлық көшпенділердің» жас ұрпағын жаңа биіктерге жетелейтін ішкі күш. Бұл ұлттың бірлігін, мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіруді, жүйелі стратегияны және әбден зерттелген идеологиялық тетіктерді біріктіруді талап етеді. Сенат жанындағы Сарапшылар клубы бастамашы болған «Талдау мектебі» қоғамдық жобасы осы қағидатпен жұмыс істейтінін айта кетуге болады. Жоба мемлекеттік басқарудағы, БАҚ, ғылыми сараптама қоғамдастығы және азаматтық сектор қызметіндегі талдау тәсілдерінің сапасын көтеруді көздейді.

Жалпы, «Тоқаев моделі» қоғам санасында бірыңғай мәдени-ментальдық кеңістік қалыптастыру процесін бастап берді. Ол құндылықтарға, мақсат-міндеттерге, тарихи нарративтерге, мәдени трендтерге, этномәдени дәстүрлер мен цифрлық дәуірдің негізгі мәніне табан тіреді. Бұл қадам қазақ ренессансын толық жүзеге асыруға және ұлтымызды өлемдік дағдарыс жағдайында бәсекеге қабілетті етуге қаншалық қауқарлы? Бұл сұрақтың жауабы оның барлық қатысушысы мен игілігін көрушілер – мемлекетке, қоғамға, азаматтарға, яғни сіз бен бізге байланысты.

Бұл жөнінде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Біздің өлемдегі орнымыз, ең алдымен, ұлтымыздың сапасына байланысты болмақ. Қуатты өл боламыз десек, бірлесіп отырып, бірқатар маңызды сауалға жауап беруге тиіспіз. Біз болашағы қандай мемлекет құрып жатырмыз? Ұлтымыз нені армандайды? Қазақстан азаматы қандай болуы керек? Еліміздің басты тірегі не? Миссиясы қандай?», – деп, нақты айтқан болатын.

POST SCRIPTUM

Тарихымыздың сабағын қабылдауға дайын адамдарды ғана үйретеді. Біздің бұрынғы абырой-беделіміз бен атақ-даңқымыз өткен уақыттың енісінде қалып, қазіргі бар міндетіміз өлемдік бөлшек салатын жаһандық ойыншылар арасында аман қалу ғана болып көрінуі мүмкін. Бірақ тарих болжанаған тараулардан тұратын оқулық емес, ол – қорытындысын ешкім білмейтін үздіксіз процесс. Біз – оның бір бөлшегіміз. Тарих біздің бүйіміз бен болашағымызды қамтиды. Біз Ұлы тарихтың мұрагерлері ғана емеспіз. Ата-бабалымыздың асыл арманы, тарихтың бұралған жолының жаңа соқпағында қатмалану үшін өз уақытын күткен әлеует болып біздің бойымызда өмір сүреді. Біз болашақты, санамызда сәуле шашып тұрған алтын ғасырды жақындықта отырып, сол уақытқа батыл қадам басуымыз керек.

...Қыпшақ ауылынан шығып, қатардағы құлдан даңқты қолбасшыға дейін көтерілген әмір, қос Кіуенің қорғаушысы, Мысыр мен Шамның билеушісі, санаға айрықша қуат, бойына ерекше күш беретін жусан ішін ешқашан ұмытпаған Сұлтан Бейбарыстың арманы да осы еді.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
ҚР Парламенті Сенатының
Төрағасы.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ ИЕЛЕРІНЕ - JAЙЫҚТЫ МАРАПАТ

Мемлекеттік қызметшілер. Полиция. Сот жүйесі. Бұл - еліміздің қуаты мен тәртібі, әділетін қамтамасыз ететін үш тірек. Ал осы салада қажырлы еңбек ететін әрбір қызметкер - өз ісіне адал жандар. Заң, тұрақтылық пен бейбітшілік жолында абыройлы қызмет ететін нағыз азаматтар.

Сол себепті, біз қоғам мүддесін қорғап жүрген, жауапкершіліктен қорықпайтын, өз мамандығына адал жандарға шынайы алғыс білдіруіміз - аса маңызды.

23 маусым күні аудандық Мәдениет үйінде мемлекеттік қызметшілер күніне, полиция күніне және судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты іс-шара болып өтті.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов құттықтау сөз сөйлеп, кәсіби мереке иелерінің құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі және мемлекеттік институттардың жұмыс істеуіндегі маңыздылығын атап өтті.

Бүгін - қоғам тыныштығы мен тұрақтылығы, заң үстемдігі қамтамасыз етіп жүрген азаматтар үшін айрықша күн. Бүгін мемлекеттік қызметшілер күні, ішкі істер органдар күні, ал ертең сот жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі - бұл адалдық пен жауапкершіліктің, әділет пен елге шынайы қызмет етудің мейрамы.

Мемлекеттік қызметші болу дегеніміз - халыққа қызмет ету, маңызды шешімдер қабылдау, адал, ашық және елдің игілігі үшін әрекет ету.

Қазақстан Республикасының Президенти



денті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей:

«Мемлекеттік қызмет - бұл жай ғана мамандық емес, Отанға деген адалдықты, жауапкершілікті және жаңжарлықты қажет ететін жоғары миссия».

Біздің ауданда 97 мемлекеттік қызметші жұмыс істейді, олардың әрқайсысы

өз міндеттерін адал орындап, өңірдің дамуына және мемлекеттік саясатты іске асыруға елеулі үлес қосуда.

Олардың қатарында - күш-қуаты мол және дамуға деген ұмтылысқа толы жас мамандар да, көп жылдан бері мемлекет мүддесін қорғап келе жатқан тәжірибелі кадрлар да бар.

Құрметті мемлекеттік қызметші, ішкі істер органдарының және сот жүйесінің өкілдері!

Біздің әрқайсымыз қоғамның дамуына, тұрақтылықты нығайтуға және мемлекет пен оның азаматтарының мүдделерін қорғауға елеулі үлес қосамыз.

Сіздердің адалдықтарыңыз, батылдықтарыңыз, шыдамдылықтарыңыз және кәсібиліктеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін.

Сіздердің қиында жауапты қызметтеріңіз жоғары бағаланып, ал күш-жігерлеріңіз әрқашан әділ бағалансын.

Еңбектеріңіз жана берсін! Ел мүддесі жолындағы қызметтеріңіз табысты болсын!

Сіздерге зор денсаулық, бірлік пен мол табыс тілеймін, - деді Рахат Назымбекұлы.

Бұл күні аудан әкімі 45 жылдан астам өмірін мемлекеттік қызметке арнаған Мария Ивановна Омароваға ауданның Құрметті азаматы атағын табыс етті. Сондай-ақ мереке сәтінде сахнаға ардагерлер мен ерекше көзге түскен қызметкерлер шақырылып, олар Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарға ие болды.

Кәсіби мереке иелеріне ерекше құрмет көрсетілген соң, жиналған жұртшылыққа ауданның көркемөнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынды.

Бұл күнгі айтулы іс-шара мемлекеттік, құқық қорғау және сот қызметтерінің мемлекет үшін маңыздылығын көрсетті.

АКЦИЯ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП



24 маусым күні аудандық Мәдениет үйінде қоғамда заң және тәртіп идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасына сәйкес «Заң мен тәртіп» акциясы аясында азаматтарды қабылдау өтті.

Іс-шара барысында әкімдік, прокуратура және басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлері азаматтарды жеке қабылдады. Қатысушылар өздерін қызықтырған мәселелер бойынша тегін заң көмегін алуға мүмкіндік алды.

Азаматтар тұрғын үй мен құжаттарды рәсімдеу, мұра мәселелері, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС), жер учаскелерін алу немесе рәсімдеу, басқа да маңызды құқықтық мәселелер бойынша жүгінді.

Бұдан басқа, «Достық» саябағында Қазақстан Республикасы Үкіметінің туырындамасы мен Қаулысына сәйкес 2025-2030 жылдарға арналған қоғамда заң және тәртіп идеологиясын ілгерілетуге бағытталған іс-шара өтті.



ТАҒЫМ



АҚЫН РУХЫНА БАС ИП, ТАҒЫМ ЕТТІ

Мағжан Жұмабаев поэзия өлеміндегі жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс болды. Оның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухы үні көптеген ақын-жазушыларды шабыттандырып, өзіне бөлек мектепке айналды. Осы ерекше туған тұлғаның өмірі азапқа толы болып, ерте қиылды. Шығармашылығы қапаста қалып, есімі жетпіс жыл бойы айтылмай келді. Алайда, «таза мінсіз асыл тас жел толқытса шығады» дегендей сұлу да сыршыл лирикамен қауышқанымызға да біраз уақыт өтті. Сондықтан бүгін ұлы жерлесіміздің туған күні оның асқан дарынына ұрпағы болып бас иіп, еске алу үшін жиналды.

Ескерткіш алдына жиналған қауым ұлы ақын рухына тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

Жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов сөз алып, ақынның алғашқы 100-жылдық тойын өткізуге тікелей атсалысқанын айтты.

Мағжан Жұмабаев туған еліне қайтып оралғанда бәріміз қуанғанымыз анық. Сондықтан оның мерейтойын жоғары деңгейде өтуіне бәріміз үлес қостық. Мағжан осы жерде туып - өсіп осы жерде ақындыққа қадам басты. «Қысы ақ кебен жүйе сары» туған жері қашан да ақын үшін ыстық болды. Туған өлкенің табиғаты әсем лирикасының арқауына айналды. Мағжан — жырмен

жүрек тербеген, елдіктің, ерліктің символына айналған ұлы тұлға. Оның мұрасы — ұрпаққа өнеге, ұлтқа мұра. Сондықтан Мағжанды бәріміз, әсіресе, жастар көп оқып, ақынның шығармашылығымен жақын танысу керек, - деді Оралбай Шәріпұлы.

«Amanat» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжін Мағжан туған топырақта дүниеге келген.

Мағжан атамыз туралы ақсақалдар көп айтпайтын, бірақ есімі елге оралған соң, көп әңгіме естідік. Оралбай аға басқаруымен дүбірлі той өткізуге атсалыстық. Сол уақыттан бері ақынның бірнеше мерейтойы дүркіреп өтті. Әлі де өте берді деген сенімдемін. Ақынның өмірі мен шығармашылығы туған елі мен жеріне арналған. Ол тәуелсіздікті, еркіндік пен азаттықты, табиғат пен қазақ халқының көп жырлап, жарқын болашаққа сенді.

«Мен жастарға сенемін!», - деп толғанған Мағжан, бүгінгі жас буынға үлкен үміт артқан. Оның арманы бүгін орындалды деуге болады.

Өттең, Мағжан қанатын алысқа сермей алмай қапыда кетті. Алайда, ақынның артында жүрек сырын шешетін мол мұрасы қалды. Мағжанның өзі де, жыры да мәңгілік, елімен, халқымен бірге жасай береді. Ал кейінгі ұрпағы талантты тағзым етіп өз жыр жолдарын жолдай бермек, - деді Төлеген Әлжанұлы.

Содан соң, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің оқушысы Снежанна Рамазанова ақынның «Сағындым» өлеңін тебірене орындап, жиналған жұртшылықтың қошеметіне бөленді.

Иә, Мағжанның асыл мұрасын ұлықтау — әрқайсымыздың парызымыз. Оның есімі — мәңгілік!

ЕРКІН ТӨЛЕГЕН.

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ӨЛКЕСІНДЕГІ БАЙЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ

Жалғасы. Басы өткен сандарда.

ДАНИЯР ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ:
ІРІ БАЙ, ХАЛЫҚҚА СӨЗІ ӨТІМДІ ТҮЛПА
Данияр Құдайберген — №8 ауылдағы ең ірі байлардың бірі. 1914 жылы оның 250 жылқысы, 200 сиыры және 2 мың қойы болған. Ол тұрақты түрде 2 тұрақты және 3 маусымдық жалдамалы жұмысшыны жұмысқа алған. Бұл — оның тек тұрмыстық емес, өндірістік деңгейде шаруашылық жүргізгенін көрсетеді.

1929 жылы да оның жағдайы ауқымды күйінде қалды: 200 жылқы, 50 сиыр, 100 қой. Кеңестік жүйенің көзқарасы бойынша, мұндай жеке байлық — «қанаушы таптың» белгісі еді. Ол 1928 жылы сайлау құқығынан айырылып, артынан оның шаруашылығы 1931 жылы тәркіленіп, өзі жер аударылды.

Архив құжаттарында мынадай сипаттама беріледі: «Царизм кезінде де, кеңес өкіметі кезінде де жалдамалы жұмыс күшін қанап келді. Колхоз құрылысы мен кедейлердің билікке араласуын жақтырмады. Бұрын да, қазір де сатқан малы арқылы байлығын жасады».

Данияр Құдайберген — тек ірі бай ғана емес, жергілікті халық арасында ықпалды тұлға болған. Кеңестік билік дәл осындай ықпалды адамдарды қауіпті деп танып, оларды жүйелі түрде жойып отырды.

ОМАР ҚОНАЕВ:
**ДӘУЛЕТТІ БАЙ, АУЫМДЫ
ШАРУАШЫЛЫҚ ИЕСІ**

Омар Қонаев — Булаев ауданының №8 ауылынан шыққан, төрт баласы бар, шаңырақ иесі. 1917 жылы оның қолында 200 жылқы, 50 сиыр, 10 бұқа, 100 жас мал және 2 қой болған. Ол 2 тұрақты, 3 маусымдық жалдамалы жұмысшыны ұстап, ауқымды жеке шаруашылық жүргізген. Бұл үшін 1928 жылы сайлау құқығынан айырылған.

1930 жылы жағдайы біраз нашарлағанмен, 20 жылқы, 7 сиыр, 3 жас мал, 7 қой, 150 десятина егіс жері, шөп шабатын техникасы болған. Бұл мәліметтерден Омардың әлі де орта ауқымды, күшті шаруашылық иесі екенін көруге болады.

Ол кеңестік колхоздастыру саясатына қарсы шыққан, әсіресе астық және ет тапсыру жоспарын орындауға қарсылық білдіргені үшін «қоғамға қауіпті элемент» деп танылып, жеке салықпен жазаланған. 1930 жылы сотталғаны құжаттарда көрсетілген. 1931 жылдың 27 шілдесінде оның шаруашылығы тәркіленіп, өзі отбасымен жер аударылған.

Бұрынғы сұлтан мен билер әулетінен тараған байлардың көпшілігі сияқты Қонаев Омар да тарихи-әлеуметтік жағынан көзге түскен, сондықтан кеңес билігі үшін ол ерекше қауіпті болып есептелді.

**ЖАҚЫП КӨШКЕНОВ — ДӘУЛЕТТІ,
БІРАҚ ЖАЗАЛАНҒАН**

1863 жылы дүниеге келген Жақып Көшкенов Төңкеріс болысында ірі бай болған. 1928 жылғы ресми деректерде оның иелігінде 65 жылқы, 40 ірі қара, 50–60 қой, 2 түйе, ауыл шаруашылық техникасы, қыстаулары мен егістік алаңтары болғаны көрсетілген. Ол екі әйелінен тараған 15 адамдық үлкен отбасын асырап отырған. Еңбекке жарамды екі тұрақты жалшыны ұстаған.

Кеңес өкіметі орнағанға дейін үш жыл болыстық басқарушы болған Жақып байдың саяси көзқарасы да назарға іліккен. Архив құжаттарында оның Алаш Ордаға бүйрегі бұрып, 1921 жылғы шаруалар көтерілісі кезінде белсенді алаш қайраткерлерімен бірігіп қарулы отрядтар ұйымдастырғаны, кеңес белсенділерін әшкерелеп отырғаны айтылған. Бұл мәліметтер оның «халық жауы» ретінде қарапалуына себеп болды. Кеңес өкіметі тарапынан «тап жауы», «қанаушы» деп танылып, қуғынға ұшырады.

**ГҮЛСІМ МАТЕНОВА — ЕРЛЕРМЕН ТЕҢ
ДӘРЕЖЕДЕ ҚҰҒЫН КӨРГЕН ӘЙЕЛ**

Гүлсім Матенова — Булаев ауданындағы ірі бай әйелдердің бірі. 1919 жылы оның иелігінде 80 жылқы, 10 сиыр, ауыл шаруашылық техникалары, екі жұмысшысы болған. Жолдасы 1924 жылы қайтыс болғаннан кейін де, Гүлсім бай шаруашылығын өзі жалғастырып, басқарған. Алайда Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясатына қарсылық білдіргені, науқан кезінде ет пен астық тапсыру жоспарын орындаудан бас тартқаны үшін «әлеуметтік қауіпті элемент» ретінде сипатталып, 1929 жылы сайлау құқығынан айырылды.

1932 жылы 18 қаңтарда Булаев аудандық атқару комитетінің шешімімен оның шаруашылығы тәркіленіп, өзі отбасымен бірге аудандан тыс жерге жер аударылды. Осылайша, ол да көптеген қазақ әйелдері сияқты қуғын-сүргін құрбанына айналды.

**ТӘТІМ МҮЛКЕМАНОВ — ҚҰДАЛАҒА
ҰШЫРАҒАН ДӘУЛЕТТІ ШАРУА**

Тәтім Мүлкеманов — Булаев ауданы, Первмай ауылдық кеңесінің байы, дәулетті шаруаның бірі. 1919 жылы оның иелігінде 12 жылқы, 55 сиыр, 8 бұқа, 20 жас мал, екі жалшы — бір тұрақты және бір маусымдық жұмысшы болған. Ал 1927 жылғы мәліметтер бойынша, 10 жылқы, 55 сиыр, 8 бұқа, 10 жас мал мен 20 қой ұстап, шаруашылығын кеңейте түскен. Ол ауылдастары арасында еңбекқорлығымен де, ұйымдастырушылық қабілетімен де ерекшеленген.

Алайда кеңестік биліктің ұжымдастыру және астық тапсыру науқандарына қарсы көзқарасы мен әрекеттері оның тағдырын күрт



өзгертті. Архив құжаттарында ол «идеялық қарсылас», «зиянды элемент» ретінде сипатталып, хан-сұлтан әулетінен шыққан «қоғамға қауіпті тап өкілі» ретінде бағаланған. Колхоз жоспарын орындаудан бас тартқаны үшін дауыс беру құқығынан айырылып, «кулак» қатарына жатқызылған. Кеңес өкіметінің қысымынан қашып, отбасы мүшелерімен бірге белгісіз жаққа қоныс аударған. Жол-жөнекей колхоздың ат-арбасын және біраз астық қорын өзімен алып кеткен.

**МҰХАМЕДЖАН САБДИН —
БАЙ ӨРІ САЯСИ СЕНІМІНЕН АЙНЫМАЙ
ҚҰҒЫНДАЛҒАН АЗАМАТ**

Мұхамеджан Сабдин — Первмай ауылдық кеңесіне қарасты №8 ауылдың байы. Оның 1919 жылғы шаруашылығы 100 жылқы, 40 сиыр, 30 жас мал, 5 десятина егістіктен тұрған. 1922 жылы да бұл көрсеткіш өзгермегенмен, ол шаруашылығына ауыл шаруашылық техникасын қосып, ірі бай ретінде танылған. Сол кездің өзінде 1 маусымдық жалданбалы жұмысшыны пайдаланған.

Саяси көзқарасы жағынан Мұхамеджан Сабдин Кеңес үкіметінің бастамаларына ашық қарсылық білдірген. Ол колхоздастыру, ет және астық тапсыру сияқты саяси науқандарға қарсы болғаны үшін «кеңес үкіметінің жауы», «спекулянт» және «басқа еңбекті қанаушы» деп танылып, 1928 жылы сайлау құқығынан айырылған. Оған қарсы арнайы жеке салық салынып, барлық мүлкі тәркілеуге жатқызылды. Архив материалдарында оның өкесі аса беделді, елге сыйлы ақсақал болғаны да жазылған.

**ІШМУХАМЕД (ІШТАЙ) СӨЛКОВ:
БАЙ, МОЛДА ЖӘНЕ АТЫЛҒАН АДАМ**

1855 жылы дүниеге келген Ішмухамед Сөлков — бай өрі дін қызмет атқарған молда. Ол Булаев ауданының №8 ауылында тұрған, үш адамнан тұратын шағын отбасын асыраған. Архивтік деректерге қарағанда, оның иелігінде 1917 жылы 7 жылқы, 6 сиыр, 10 қой болса, 1925 жылы 5 жылқы, 5 сиыр, 3 жас мал, 1 десятина егістік жер және 10 қой болған.

Кеңес билігіне деген көзқарасы теріс болған ол дін иесі ретінде де, жеке шаруашылық иесі ретінде де социалистік құрылысқа қарсы әрекет жасаған. Колхоздық жүйеге, ет және астық тапсыру науқандарына қарсы ашық наразылық білдіріп, халық арасында үгіт жүргізген. Осы себепті «кеңеске қарсы элемент», «антисоветчик», «тап жауы» ретінде танылып, 1930 жылы дауыс беру құқығынан айырылды. Оның шаруашылығы 1932 жылы тәркіленіп, өзі отбасымен бірге жер аударылды.

Алайда бұл қуғынның соңы болмады. 1937 жылы шілде айында НКВД тарапынан тұтқындалып, 13 қыркүйекте Кеңес Одағының қылмыстық кодексінің 58-10 және 58-11-баптары бойынша ату жазасына кесілді. Ішмухамед Сөлков тек 1989 жылы ресми түрде ақталды.

**АСҚАТ САМАЙБАЕВ: ҚАРСЫ ШЫҚҚАН
БАЙЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ**

Асқат Самайбаев — Первмай ауылдық кеңесінен шыққан, алты адамнан тұратын отбасын асыраған бай. 1919 жылы оның иелігінде 15 жылқы, 10 сиыр, 2 бұқа, 3 десятина егістік болған. Ол тұрақты бір жұмысшыны жалдап, шаруашылығын дөңселетіп отырған. 1929 жылы да шаруашылығы салыстырмалы түрде сақталғанымен, кеңестік жүйе тарапынан оның белсенділігі мен саяси ұстанымы сынға алынды.

1927 жылы жер мен шабындықтарды қайта бөлу науқанына қарсылық танытқан. Кеңестік құжаттарда ол бұрынғы атақмүнер, патша заманында ауыл старшинасы болған, ал ұжымдастыру кезеңінде — астық тапсырудан бас тартқан, малын жасырып, бір бөлігін басқа адамдарға уақытша беріп, өз шаруашылығын «доброты» етуге тырысқан. Осы әрекеттері үшін «қасақана қарсылас», «антисоветтік үгіт жүргізуші», «спекулянт» ретінде бағаланып, 1929 жылы сайлау құқығынан айырылған. 1932 жылы қаңтарда отбасымен бірге белгісіз жаққа қашып кеткен, өзімен бірге колхоздық атын да алып кеткен. Сол жылдың 18 қаңтарында оның шаруашылығы тәркіленіп, отбасымен бірге жер аударылды.

**ӨБІЛҒАЗЫ СЕЙІТБАЕВ: БАЙ, БЕДЕЛДІ,
ҚҰҒЫНДАЛҒАН**

Өбілғазы Сейітбаев 1870 жылы дүниеге келген. Ол өз заманында Жақып ауылында туып, кейін 1928 жылдан бастап Есілкөл ауданына қарасты Тасан ауылында тұрған. Архив деректеріне сәйкес, 1918 жылы 60 жылқы, 30 сиыр, 10 бұқа, 10 жас мал, 5 қойы болған. 1927 жылы шаруашылығы одан әрі дамып, 10 десятина егістік жер мен күрделі ауылшаруашылық құрал-жабдықтарға дейін иеленген. Бірнеше жалдамалы жұмысшының еңбегін пайдаланып отырған.

Ол кеңес үкіметінің ауыл шаруашылығына қатысты саясатына — ұжымдастыру, ет астық тапсыру науқандарына қарсы шықты. Құжаттарда оның «жергілікті кедейлерді жасырын түрде қанағаны», «табысын жасыру үшін мал дайындау жұмыстарын жүргізгені» және жалпы «кеңестік саясатқа теріс қарағаны» анық жазылған.

1928 жылы дауыс беру құқығынан айырылып, 1931 жылы шілде айында Булаев аудандық атқару комитетінің шешімімен «ірі кулак» ретінде шаруашылығы тәркіленіп, өзі отбасымен бірге жер аударылды. Қуғын-сүргіннің екінші толқынында — 58-бап бойынша айтылып, сотталған. Тек 1996 жылы ғана Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы тарапынан толық ақталды.

**ҚҰЛБАЙ СҮЛЕЙМЕНОВ:
ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ ІРІ БАЙЫ**

Құлбай Сүлейменов — 1903 жылы дүниеге келген. Булаев ауданының №8 ауылында тұрған ірі шаруалардың бірі. 1919 жылғы деректер бойынша оның иелігінде 40 жылқы, 10 сиыр, 24 бұқа, 10 жас мал, 20 қой және 3 десятина егістік болған. 1927 жылы бұл көрсеткіштер артып, 60 жылқы, 25 сиыр, 35 қой иеленіп, бірнеше жалдамалы жұмысшыны тұрақты түрде пайдаланған. Бұл — сол заман үшін зор байлық еді.

Құлбай да кеңестік саясатқа, әсіресе ұжымдастыруға қарсы көзқарасын жасырмаған. Оның аты кеңестік құжаттарда «кеңеске жау, қауіпті элемент» ретінде көрсетіліп, сайлау құқығынан айырылды. 1930 жылы нан мен ет тапсыру жоспарын орындамағаны үшін Алматыға жер аударылды. Бір жылдан кейін, 1931 жылы 27 шілдеде оның шаруашылығы тәркіленіп, отбасы тугелімен аудандан тысқары жерге қуылды. 1966 жылы желтоқсан айында Қасқат ауылында қайтыс болды.

**ШӘКІШ СҮЛЕЙМЕНОВ — АУЫЛДЫҢ
АУҚАТТЫСЫ, «ӘЛЕУМЕТТІК ҚАУІПТІ
ЭЛЕМЕНТ» РЕТІНДЕ ҚҰҒЫНДАЛҒАН**

Шәкіш Сүлейменов — Булаев ауданының №8 ауылында тұған, ірі байлардың бірі. 1918 жылғы деректер бойынша оның иелігінде 40 жылқы, 20 сиыр, 5 бұқа, 10 жас мал және 10 десятина егістік болған. 1920-жылдары оның шаруашылығы өсіп, ауылшаруашылық техникалары — 2 бричка, 2 шөп шабатын машина, 1 плуг пен 1 лобогрейка сияқты күрделі құралдарды иеленіп, бірнеше маусымдық жалдамалы жұмысшыларды тұрақты пайдаланды.

Шәкіш кеңес үкіметінің ауылдағы саясатына — ұжымдастыру, таптық жіктеу, кедейлерді билікке тарту және астық-ет дайындау науқандарына қарсы болды. Архив құжаттарында оның малды әдейі жасырып, халық арасында кеңеске қарсы үгіт жүргізгені, кедейлерді ашық қанағаны, бұрын Ішм оқуғрғым байланысы болғаны атал көрсетілген. Ол 1929 жылы дауыс құқығынан айырылып, ал 1931 жылдың 27 шілдесінде «әлеуметтік қауіпті элемент» ретінде шаруашылығы тәркіленіп, өзі отбасымен бірге жер аударылды.

**ҚАМЗЕ СҮЛЕЙМЕНОВ: ҚҰҒЫНҒА
ҰШЫРАҒАН БАЙЛАРДЫҢ ҰЛЫ**

Қамзе Сүлейменов 1896 жылы Первмай-ский ауылдық советінде ауыл №8 дүниеге келген. Оның отбасында бес адам болған, соның ішінде 14 жасқа дейінгі үш бала болған. 1918 жылы оның шаруашылығында 40 жылқы, 10 ірі қара, 5 бұқа және 10 жас мал болған. Сондай-ақ 10 десятина жерге егін егіп, 1 тұрақты батрақтың еңбегін пайдаланған. 1924-25 жылдары оның малы азайып, 30 жылқы, 10 ірі қара, 5 бұқа, 10 қой және 5 де-

сятина жерге егін еккен.

Оның отбасында да 5 адам болған, 3 бала 14 жасқа дейінгі. 1918 жылы оның малы көп болған — 100 жылқы, 10 ірі қара, 5 бұқа, 16 жас мал, 10 десятина егін жері. 1922-23 жылдары малы азайып, 40 жылқы, 10 ірі қара, 5 бұқа және 10 қой болған, 5 десятина жерге егін егілген. 1 тұрақты батрақпен жұмыс істеген.

Совет билігі колхоз құрылысын бастаған кезде ол оған қарсы шығып, «әлеуметтік қауіпті элемент» ретінде танылып, колхоздық құрылысты қолдамағаны үшін қуғынға ұшырады. 1933 жылы 7 мамырда оның шаруашылығы да тәркіленіп, аудандан қуылды.

Алайда, 1931 жылы оның шаруашылығы ресми түрде «шаруашылықты спекуляциялау және кедейлердің еңбегін пайдалану» деп айыпталып, «құрылтайшы байдың ұлы» ретінде танылады. 27 шілдеде Булаев ауданының атқару комитеті шешімімен шаруашылығы тәркіленіп, аудандан қуылған. 1973 жылы 23 қарашада Дүйсеке ауылында қайтыс болды.

**ЕЛУБАЙ СҮЛЕЙМЕНОВ —
АУҚАТТЫ БАЙ, «САУДАНЫҢ АДАМЫ»
РЕТІНДЕ ҚҰҒЫНДАЛҒАН**

Елубай Сүлейменов — Булаев ауданындағы ірі байлардың бірі. 1918 жылғы мәлімет бойынша оның иелігінде 40 жылқы, 30 сиыр, 12 бұқа, 15 жас мал, 10 десятина егістік болған. Еңбекші кедейлердің еңбегін жүйелі түрде пайдаланып отырған. 1922–1925 жылдары ол 35 жылқы, 205 сиыр, 10 бұқа ұстаған — бұл өңірлік деңгейдегі аса ірі байлардың қатарына жататын мал-мүлік көлемі.

Протоколдарда Елубайдың кеңес үкіметінің саясатына ашық қарсы болғаны, астық пен ет дайындау жоспарларына бағынбағаны айтылады. Сонымен қатар, ол «конокравд» — жылқы ұрлығы үшін сотталған. Бұған қоса, оның Ішм өңірінің саудагерлерімен байланысы болғаны, малын жасырып, алыпсатарлықпен айналысқаны жазылған. 1929 жылы дауыс беру құқығынан айырылып, 1931 жылғы 27 шілдеде «ірі кулак, аккуплятор» ретінде шаруашылығы тәркіленіп, жер аударылды.

**ҚАСЕН ТАСТАНБЕКОВ — БІРТІНДІП
БАЙЛАҒАН, БІРАҚ САЯСИ СЕНІМСІЗ ДЕП
ТАНЫЛҒАН**

Қасен Тастанбековтің жағдайы алдыңғыларға қарағанда біршама ерекшелену. Ол 1921 жылы небәрі 4 жылқы, 3 сиыр, 2 бұқа, 3 жас мал және 5 қой ұстаған. Бірақ 1929 жылға қарай оның шаруашылығы айтарлықтай кеңейіп, 20 жылқы, 18 сиыр, 17 қойға жеткен. Яғни, бұл — біртіндеп байыған, еңбегімен шаруасын дөңселеткен адамның мысалы. Алайда Кеңес билігі үшін мұндай табыстың өзі «кулактыққа» теңестірілді.

Архив құжаттарында Қасеннің де барлық совет науқандарына, соның ішінде колхоздастыру мен ет-астық дайындау жоспарына қарсы болғаны, бұқараны өз соңына ертіп, тәртіпке бағынбағаны, салықтан жалтаруға тырысқаны жазылған. Ол 1930–1931 жылдары саяси қуқықтарынан айырылып, 1931 жылы 27 шілдеде қуғынға ұшырады.

**ӘЛІБАЙ ТӨЛЕГЕНОВ — БАЙДЫҢ ӨМІРІ
МЕН ҚҰҒЫНҒА ҰШЫРАУЫ**

Әлібай Төлегеновтың отбасы алты адамнан тұрады, оның ішінде үш бала 14 жасқа дейін. 1917 жылы оның мал-мүлігі бай болған: 70 жылқы, 20 ірі қара, 10 бұқа, 10 жас мал және 10 десятина егіндік жері. Сонымен қатар, ол ауыл шаруашылығына қажетті үлкен құрал-жабдықтарға ие болған. Кеңестік билік кезінде де оның малы азаймағанын, әлі де көп — 50 жылқы, 20 ірі қара, 5 бұқа, 30 қой және 5 десятина егіндік жер болды. Ол бір маусымдық батракты жұмысына тартқан.

Алайда, 1928 жылы Булаев аудандық атқару комитетінің протоколында Төлегенов «мүлкі кулак» және «спекулянт» деп айыпталды. Сонымен қатар, ол «Айдарбеков деген ірі кулактың қайыңысы» ретінде көрсетілгені, ол да қуғынға ұшыраған. Төлегенов Әлібайдың қарсыластары оның сауда мен мал шаруашылығында спекуляция жасағанын және колхоздық құрылысты, сонымен бірге міндетті тапсырыстарды орындауға қарсы болғанын айтады.

Коллективизация басталған сәттен бастап ол антисоветтік сөздерді айтумен және орындау тәсіл тапсырмаларды орындамауға шақырғаны үшін 1928 жылы сайлау құқығынан айырылады. Қуғынның алдын алу үшін ол малын бөліп, «қауқашта пайдалануға» беруге тырысқанымен, бұл әдістер оған көмектеспеді. 1931 жылы 27 шілдеде Булаев ауданының Президиумының шешімімен оның шаруашылығы тәркіленіп, аудандан қуылды.

ТАРИХТЫ ҰМЫТПАУ — ПАРТЫЗЫМЫЗ

Бүгінде осы азаматтардың барлығы — саяси қуғын-сүргін құрбандары ретінде ресми түрде ақталған. Бірақ бұл көп келген әділдік. Олардың мал-мүлкі ғана емес, өмірі, ұрпағы, ұлы арманы тартып алынды. Осылайша бір дүрдірді тірегі болған байлар, сол қанмен жеген азаматтар тарих бетінен «тап жауы» ретінде сызылып тасталды.

Бүгінгі ұрпақ осы оқиғадан сабақ алуы тиіс. Қазақ халқының басынан өткен ауыр зұлмат кезең — тек мұрағат қойнауында жатып тұрған тарихи факт ғана емес, бұл — әрбірміздің жүрегімізде сақталуы тиіс ұлттық естелік.

**Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ,
Шоқан Уәлиханов атындағы
тарих және этнология институтының
ғылыми қызметкері, жас ғалым.**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА!»
БАҒДАРЛАМАСЫНА
ҚАТЫСЫҢЫЗДАР!

Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Бағдарламаға денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен сала-

сында мамандығы бар адамдар, ауылдық елді мекендерде жұмыс істеу және тұру үшін келген ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері қатыса алады.

«Дипломмен ауылға!» бағдарламасы бойынша 100 АЕК мөлшерінде көтерме жәрдемақы (2025 жылы 100х3932= 393 200 теңге), 15 жылға дейінгі мерзімге тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін жыл сайынғы сыйақы мөлшерлемесі 0,01%-бен 2000 АЕК (2025 жылы 2000 х 3932=7 864 000 теңге) дейінгі мөлшерде бюджеттік кредит беру көзделген.

Қосымша ақпарат алу үшін 8 (71531) 2-17-97 нөміріне қоңырау шалуға болады.

ЦИФРЛАНДЫРУ

ELICENSE.KZ ПОРТАЛЫНДА
ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ
БІРЫҢҒАЙ ПОРТАЛЫМЕН
ИНТЕГРАЦИЯ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бойынша жүйелі жұмыс аясында eLicense.kz порталында Жоғары білім берудің бірыңғай порталымен (ЖББП) интеграция іске асырылды. Жаңа функционал өтініш беру барысында білім туралы мәліметтерді автоматты түрде жүктеуге мүмкіндік береді – бұл уақытты үнемдейді, қолмен енгізу қажеттілігін жоюды және қателіктер санын азайтады.

Енді оқу орнының атауы, мамандығы және диплом берілген күні туралы мәліметтер өтініш формасын толтыру кезінде ЖББП-дан тікелей жүктеледі. Интеграция медицина, атом энергетикасы және азаматтық қару айналымы салаларындағы суранысқа ие бірқатар электрондық қызметтер үшін жүзеге асырылды.

ЖББП-пен интеграция келесі мемлекеттік қызметтер шеңберінде қолжетімді:

- Атом энергиясын пайдалану объектілерінің өмірлік цикл кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау;
- Медициналық қызметпен айналысуға лицензия беру;
- Клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатты беру;
- Клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маман сертификатты беру;
- Азаматтық және қызметтік қару мен оған арналған оқ-дәрілерді (жеке және заңды тұлғалар үшін) сатып



алуға, сақтауға, алып жүруге және тасымалдауға рұқсат беру;

- Ату тиірлерін (оқ ату орындарын) және стендтерді ашуға және олардың қызметін жүзеге асыруға рұқсат беру;
- Азаматтық және қызметтік қару мен оған арналған оқ-дәрілерді жобалау, өндіру, жөндеу, сату, коллекциялау, көрмеге қою қызметі.

ЖББП-пен интеграция әкімшілік процестерді жүйелі цифрландыру жұмысының бір бөлігі болып табылады және лицензиялар мен рұқсаттарды алу рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған.

Бұл жаңарту ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі арасындағы ынтымақтастық аясында жүзеге асырылды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ,
«ҰАТ» АҚ Корпоративтік
коммуникациялар департаменті.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТ - ЖОЮ МІНДЕТ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ -
ҚОҒАМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Көптеген басқа елдердегі сияқты Қазақстанда да сыбайлас жемқорлыққа деген түсіністік пен көзқарасты көрсететін дәйексөздер мен нақыл сөздер көп. Бұл дәйексөздерде сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз жақтары, оның қоғамға деструктивті әсері және онымен күресу қажеттігі жиі айтылады.

Басқа елдердегі сияқты Қазақстанда да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша белсенді шаралар қабылданады, оның ішінде заңнамалық реформалар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес органдарын нығайту және сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы халықтың хабардарлығын арттыру.

Сыбайлас жемқорлық – ұлттық қауіпсіздікке, әрбір отбасының амандығына, балаларымыздың жарқын

болашағына, жалпы еліміздің дамуына қатер төндіреді. Кез келген адам осы ауылдықпен күресуге заң бойынша белсенді түрде қатысуға құқылы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып табылатынын атап өтті.

Оның ойынша, құқықтық мемлекет орнату және нақты құқықтық мемлекет құру үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлықты жою қажет.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру мақсатында «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді.

Нәтижелері бойынша қажетті ұсыныстар беріледі. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында құқықтық оқыту тұрақты түрде жүргізіледі.

Ауылдық округ тұрғындары арасында тұрақты түрде көрнекі материалдар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

Гүлмира ИСМАХАМБЕТОВА,
Бәйтерек ауылдық округінің
әкімі.

САМАН КЕҢЕСІ

МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ
ТЕКСЕРІП-ҚАРАУЛАР

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Комитеті Солтүстік Қазақстан облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Маажан Жұмабаев ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ астан улану, жіті ішек инфекциясын алдын алу мақсатында аудан тұрғындарын ақпараттандырады:



Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалау саласына тиісті барлық тамақ өндіру объектілері 2020 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрі бекіткен №ҚР ДСМ-220/2020 бұйрығы (2025 жылғы 7 наурыздағы №18 өзгертулермен) эпидемиялық маңызы жоғары объектілер болып табылады.

Осы тізбеге енгізілген барлық объектілер қызмет түріне қарай екінші санаттағы рұқсатты (эпидемиологиялық маңызы жоғары объектіні пайдалануға санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды) алуға тиіс.

Мұндай қорытындының болмауы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 19 бабының, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 108 бабы 2 тармағының, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңының 17 бабының талаптарын бұзу болып табылады.

Субъектіде жоғарыда көрсетілген құжаттардың болмауы, егер бұл өрекеттерде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 214 бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болмаса, Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 463 бабында көзделген өрекеттерге жатады.

Жеке және заңды тұлғалардың осы Занда рұқсат немесе хабарлау тәртібі белгіленген қызметті немесе өрекеттерді (операцияларды) тиісті рұқсатсыз немесе тиісті хабарламаны жібермей жүзеге асыруына жол берілмейді.

Рұқсатты жеке немесе заңды тұлғалар алуы және жарамды болуы, ал хабарла-

маны осы Занда рұқсат немесе хабарлама жасау тәртібі белгіленген қызмет немесе өрекет (операция) басталғанға дейін жеке немесе заңды тұлға жіберуі тиіс.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес міндетті медициналық тексеруден өтуге жататын адамдардың нысаналы топтары, сондай-ақ оларды орындау ережелері мен кезеңділігі, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемі, медициналық қарсы көрсетілімдер, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, кәсіптер мен жұмыстардың тізбесі; іске асыру кезінде жұмысқа қабылданған кезде алдын ала міндетті медициналық тексерулер жүргізілетін және мерзімдік міндетті медициналық тексеріп-қараулар және «Алдын ала міндетті медициналық тексеріп-қараудан өту» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары бекітілген.

Сондықтан қоғамдық тамақтандыру объектілерінің және тамақ өнеркәсібінің қызметкерлері жұмысқа қабылданған кезде міндетті түрде өтуге міндетті.

- флюорография – 12 ай сайын;
- гелиминт жұмыртқаларына, мерезге, қоздырғыштарды тасымалдауға: дизентерияға, сальмонеллезге, іш сүзегіне, А және В паратифіне, патогенді стафилококка – 6 ай сайын тексеру. Алдын ала және мерзімді медициналық тексерулерден өтпей жұмысқа жіберілмейді.

ББҚ: ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ



Қазіргі уақытта тағамға биологиялық белсенді қоспалардың (одан әрі - ББҚ) танымалдығы артып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, соның ішінде әлеуметтік желілері арқылы олардың үлкен санын жарнамалайды және сатады. ББҚ дегеніміз не және оларды таңдау кезінде өзіңізді қалай қорғауға болатынын қарастырайық.

Тағамға биологиялық белсенді қоспалар (ББҚ) – табиғи және (немесе) табиғи биологиялық белсенді заттар, сондай-ақ тамақпен бір мезгілде тұтынуға немесе тамақ өнімдерінің құрамына енгізуге арналған биотикалық микроорганизмдер болып табылады. ББҚ жарнамасын орналастыруға қойылатын талаптар, сондай-ақ ББҚ жарнамасы қамтуы керек ақпаратқа қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі.

Заңнамаға сәйкес, ББҚ жарнамасы қазақ және орыс тілдерінде таратылуы, анық, түсінікті, сенімді болуы және тұтынушыларды адастырмауы, дерлік заттармен салыстыруды болдырмауы немесе емдік қасиеттері туралы мәліметтерді қамтуы, ұтымды қолдануға ықпал етуі тиіс. Сондай-ақ, ББҚ жарнамасында ғалымдардың, денсаулық сақтау мамандарының, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының ұсынымдарына сілтемелер болмауы тиіс. ББҚ жарнамасы келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

- сауда атауы; құрамына кіретін белсенді компоненттер туралы мәліметтер;
- қолданудың негізгі көрсеткіштері; қолдану тәсілі мен дозалары; негізгі

жанама әсерлері;

- негізгі қарсы көрсеткіштер;
- балаларға, жүкті әйелдерге, сондай-ақ емшек сүтімен емізуге қатысты айрықша нұсқаулар;

- демалыс шарттары; қолдануға көрнекі және түсінікті ұсыныс; өндірушінің атауы, мекенжайы және өндіруші Қазақстан Республикасында шағымдарды қабылдауға уәкілеттік берген тұлға;

- мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен берілген күні.

Қазіргі уақытта әлеуметтік желілер ББҚ көбірек жарнамалайды және жүзеге асырады.

Бұқаралық ақпарат құралдарына, оның ішінде әлеуметтік желілерге арналған ББҚ жарнамасында міндетті түрде келесі ақпарат болуы керек: сауда атауы, негізгі қарсы көрсеткіштер, балаларға, жүкті әйелдерге қатысты ерекше нұсқаулар, сондай-ақ емшек сүтімен емізу кезінде қолдануға арналған көрнекі және түсінікті ұсыныс; нөмірі, мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің берілген күні.

Әрбір жағдайда ББҚ жарнамасы дерлік зат емес екендігі туралы ескертумен бірге жүруі керек.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ББҚ мамандандырылған тамақ өнімдері және олардың қауіпсіздігін растайтын құжат мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болып табылады. Мұндай куәліктің болуы мен түпнұсқалығын Еуразиялық экономикалық комиссияның ресми сайтында орналастырылған мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімінде тексеруге болады.

Егер Сіз ББҚ жарнамасында өнім туралы барлық қажетті ақпарат жоқ екенін байқасаңыз, егер сатушы Сізге мемлекеттік тіркеу куәлігін беруден бас тартса, онда мұндай өнімді сатып алудан бас тартқан дұрыс, бұл қауіпті болуы мүмкін.

Денсаулығыңызды сақтаңыз!

Құлсара ӘЛЖАНОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының бас маманы.



Дүйсенбі, 30 маусым	Сейсенбі, 1 шілде	Сәрсенбі, 2 шілде	Бейсенбі, 3 шілде	Жұма, 4 шілде	Сенбі, 5 шілде	Жексенбі, 6 шілде
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «ТАNSHOLPAN». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.00 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 04.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 М/Ф «МАЙЯ». 13.45, 03.55 АНА БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ. 14.15, 00.10 ЕКІ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМ». 16.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.40 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.35 САНА. 03.40 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 05.05 ЕН ДӘМДІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.00 АҚПАРАТ. 06.35 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «ТАNSHOLPAN». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.00 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 04.05 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 М/Ф «МАЙЯ». 13.45, 03.35 АНА БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ. 14.15, 00.10 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМ». 16.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.35 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.35 САНА. 04.45 ЕҢБЕК АДАМЫ.	06.00 ӘНУРАН. 06.35 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «ТАNSHOLPAN». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.00 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 04.05 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 М/Ф «МАЙЯ». 13.45, 03.35 АНА БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ. 14.15, 00.10 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМ». 16.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.35 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.35 САНА. 04.45 ТЕЛЕДӨРГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.35 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «ТАNSHOLPAN». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.05 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 04.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 М/Ф «МАЙЯ». 13.45, 03.40 АНА БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ. 14.15, 00.10 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМ». 16.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.45 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.35 САНА. 04.50 БАУ-БАҚША.	06.00 ӘНУРАН. 06.35 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «ТАNSHOLPAN». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.40 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 04.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 М/Ф «МАЙЯ». 13.45, 03.40 ТҮЛҒА. 14.20, 03.00 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМ». 16.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.10 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.25 БЕУ. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.10 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 02.00 САНА. 04.50 «ДРОНДАР ДӘУІРІ».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 00.30 АҚПАРАТ. 06.35, 04.25 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 М/Ф. 07.30 М/Ф «ЛЕО МЕН ТИГ». 08.00 «ТАNSHOLPAN». 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 13.50, 22.40 КОНЦЕРТ. 13.20, 03.20 ЕҢБЕК АДАМЫ. 16.00, 03.45 ЕН ДӘМДІ. 16.50, 03.10 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 00.55 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 01.15 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 «МАЛАЙ», Х/Ф. 21.35 Т/Х «ЛӘЙЛА». 01.30 Д/Ф. 02.40 ТЕЛЕДӨРГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ШЕБЕР. 06.25 «ШЖУ-МАРЖАН». 07.00 М/Ф. 07.40 М/Ф «ҮШ МАРҒАУ». 08.20 КОНЦЕРТ. 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00 БАУ-БАҚША. 12.30, 22.15 КОНЦЕРТ. 13.40 Д/Ф. 14.05 «МАЛАЙ», Х/Ф. 15.40 «АРЫСТАН ПАТША». АНИМ-Ф. 17.25 «АСТАНАНЫҢ АЖАРЫ», Д/Ф. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00, 03.15 АПТА. 20.50, 04.05 МҮДДЕ. 20.55, 04.10 АҚОРДА. 21.10 «КАБОТОВЫҢ КЕШІ». 23.30 Т/Х «ДИНА. КҮЙ КҮДІРЕТ». 01.40 «ШАНАҚТАҒЫ ШЕЖІРЕ», Д/Ф. 02.05 «АСТАНАНЫҢ АЖАРЫ», Д/Ф. 04.25 КҮМІС КОМЕЙ.

Дүйсенбі, 30 маусым	Сейсенбі, 1 шілде	Сәрсенбі, 2 шілде	Бейсенбі, 3 шілде	Жұма, 4 шілде	Сенбі, 5 шілде	Жексенбі, 6 шілде
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 БЕС ЖҮЛДІЗ. 08.30 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ТАМАША. 12.00 PRESIDENT. 12.15 ӘЛЕУМЕТ. 12.30 ОЙНАҚ. 13.30 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА-2». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «ПРОПАВ- ШАЯ НЕВЕСТА». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ». 22.30 КЕШРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 БЕС ЖҮЛДІЗ. 08.30 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ТАМАША. 12.00 ТҮРЛІ ДҰМ. 12.30, 19.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ». 13.30 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА-2». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00 Т/Х «ПРОПАВШАЯ НЕВЕСТА». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 БЕС ЖҮЛДІЗ. 08.30 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ». 13.30 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА-2». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 БЕС ЖҮЛДІЗ. 08.30 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 НЕОСЕТЬ. 11.50 АЛТЫН КІТАП. 12.00 ДӨСТҮР. 12.30, 19.00 Т/Х «ДЕТЕК- ТИВ ӘЖЕ». 13.30 Т/Х «ҚЫЗ ЖОЛЫ». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 АЛҒАШҚЫ. 22.30 ОЙНАҚ. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 БЕС ЖҮЛДІЗ. 08.30 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 НЕОСЕТЬ. 11.50 АЛТЫН КІТАП. 12.00 ДӨСТҮР. 12.30, 19.00 Т/Х «ДЕТЕК- ТИВ ӘЖЕ». 13.30 Т/Х «ҚЫЗ ЖОЛЫ». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 АЛҒАШҚЫ. 22.30 ОЙНАҚ. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТИ QAZYNA. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 11.40 М/Ф «ФИШ И ЧИПС». 12.00 «ХАТИКО: САМЫЙ ВЕРНЫЙ ДРУГ», Х/Ф. 14.00 «ХХІ ҒАСЫР КОШБАСЫСЫ». 15.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.15 «ЖЫНЫМ СОЛ», Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 19.00 КЕШ ЖАРЫҚ. 21.00 «КАК ОТДЕЛЯТЬСЯ ОТ ПАРИЖА ЗА 10 ДНЕЙ», Х/Ф. 23.00 «БАТЫР ИЗ ПРОШЛОГО», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТИ QAZYNA. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.30 М/Ф. 10.30 М/Ф «ПОБЕГ ИЗ СТРАНЫ РОБОТОВ». 12.00 «КАК ОТДЕЛЯТЬСЯ ОТ ПАРИЖА ЗА 10 ДНЕЙ», Х/Ф. 14.00 АЗАМАТ. 15.15 АРНАЙЫЙ РЕПОРТАЖ. 15.30 ҚАЗЫНА. 16.00 КОНЦЕРТ. 18.00 7 КҮН. 18.45 НАРОДНЫЙ КОН- ТРОЛЬ. 19.00 АЛҒАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 КОНЦЕРТ «АСТАНА - АРМАН ҚАЛА». 23.00 «ЖЫНЫМ СОЛ», Х/Ф. 00.40 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.10 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 30 маусым	Сейсенбі, 1 шілде	Сәрсенбі, 2 шілде	Бейсенбі, 3 шілде	Жұма, 4 шілде	Сенбі, 5 шілде	Жексенбі, 6 шілде
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.30 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 «ПРОВИНЦИАЛКА», Х/Ф. 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЗОЛОТАЯ КЛЕТКА». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.50 Той базар.	06.00, 02.00 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЛИСТ ОЖИДА- НИЯ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 01.40 НОВОСТИ. 14.20, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЗОЛОТАЯ КЛЕТКА». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕ- АТР. 03.30 Той базар.	06.00, 02.00 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЛИСТ ОЖИДАНИЯ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 01.40 НОВОСТИ. 14.20, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «СКАЛОЛАЗКА». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 Той базар.	06.00, 02.00 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЛИСТ ОЖИДАНИЯ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.20 НОВОСТИ. 14.20, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 «ШАНС», Х/Ф. 04.00 Той базар.	06.00, 02.40 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЛИСТ ОЖИДАНИЯ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.20 НОВОСТИ. 14.20, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 «ШАНС», Х/Ф. 04.00 Той базар.	06.00 Той базар. 07.40, 03.00 «П@УТИНА». 09.30 «НАША «ДОСКА ПОЧЕТНЫХ». 10.05 «ШАНС», Х/Ф. 14.15 Т/С «Я ТЕБЯ НИКОМУ НЕ ОТДАМ». 18.10 «КОРОЛЕВА», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 20.55 «РАЗЫТЫЕ СЕРДЦА», Х/Ф. 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.50 Той базар. 07.05, 02.05 «П@УТИНА». 09.00 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.15 НАША «ДОСКА ПОЧЕТНЫХ». 09.45 «РАЗЫТЫЕ СЕРДЦА», Х/Ф. 13.45 Т/С «ЗАВТРА БУДЕТ ВСЕГДА». 18.00 «КРЕПКИЙ БРАК», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «С ЛЮБИМЫМИ НЕ РАССАДУЮТСЯ». 00.50 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

...қалың қазақ елі тартқан
сыбыздыдағы салқын саз, қобыздағы
қоңыр күй, домбыраның да екі шекті
ғана емес, әдейі күйге арнаған үш
шекті тіліне оралаан көп күйлердің
ескі-жаңасы тегіс — тарих үшін елеулі
бұйым.

Мұхтар ӘУЕЗОВ.



ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

ҚАРАҚОҒАЛЫҚ ЖАС БАЛУАН ЗАРАП СҮҢҚАР - АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ




Ежелгі грек-рим күресіндегі жас балуан Зарар Сүңқар II жасөспірімдер арасындағы грек-рим күресінің Азия чемпионатында күміс медаль жеңіп алды.

Байрақты бәсеке Вьетнам елінде өтті. Жерлесіміз 51 келі салмақ дәрежесінде сынға түсіп, ел намысын абыроймен қорғады. Мағжандық жас балуан финалға сенімді түрде жетіп, дайындықтың жоғары деңгейін көрсетті, мәселен, ол 1/4 финалда Иордания балуанынан 8-0 есебімен басым түссе, жартылай финалда Үндістан өкілін 8:0 есебімен жеңді.

Ал финалда Қырғызстаннан келген балуанмен кездесіп, күміс медаль жеңіп алды. Жас спортшыны және оның жаттықтырушыларын осы үлкен жетістігімен құттықтаймыз!

Алдағы уақытта да жарқын жеңістер мен жаңа биіктерді бағындыра берулеріне тілектеспіз!



МАМАН КЕҢЕСІ

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР ҮШІН КЕДЕРГІСІЗ ОРТА ҚҰРУ

Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенцияны Қазақстан Республикасы 2015 жылғы ақпанда ратификациялады. Оның негізгі хабары - мүмкіндігі шектеулі жандардың барлық санаттары тәуелсіз өмір салтын ұстануға және қазіргі қоғамның барлық салаларына қатысуға қабілетті болуы тиіс. Ол үшін қалалық жерлерде де, ауылдық округтерде де әмбебап кедергісіз орта (Келік, ақпарат және байланыс, әкімшілік және әлеуметтік маңызы бар мекемелер, вокзалдар, саябақтар және т.б.) құру қажет.

Соңғы уақытта мүгедектігі бар адамдардың мәселелеріне көбірек көңіл бөлінуде.

ҚР Конституциясына сәйкес мүгедектігі бар адам Қазақстан Республикасының кез келген басқа азаматы сияқты қоғамның толыққанды мүшесі болып танылады. Тісінше, ол білім алуға, еңбекке, еркін жүріп-тұруға (ҚР аумағы бойынша да, одан тыс жерлерде де), мәдени өмірге қатысуға және мәдениет мекемелерін пайдалануға, мәдени құндылықтарға қол жеткізуге және т.б. құқыққа ие. Бірақ ол өзінің мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты осы құқықтардың барлығын қалай пайдалана алады?

Сонымен, бейімделу және кедергісіз орта дегеніміз не.

Бейімделу - бұл мүгедектігі бар адамдардың жекелеген топтарының қажеттіліктерін ескеру қажет шаралар кешені: көру, есту, тірек-қимыл аппараты және басқалары.

Егер олар жалпыланған болса, онда кіру тобы, қозғалыс жолдары, Халыққа қызмет көрсету аймақтары, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар, тұрақ орындары, ақпарат құралдары белгіленген ережелерге сәйкес келуі керек. Талаптар арнайы әдістемелік ұсыныстарда көрсетілген.

Кедергісіз орта: мүгедектігі бар адамдар мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін физикалық, қоршаған орта, ақпараттық және әлеуметтік-психологиялық кедергілер жоқ немесе барынша азайтылған тіршілік ортасы.

Кедергісіз орта әртүрлі бұзылулары бар (физикалық, сенсорлық немесе интеллектуалды) адамдардың еркін қозғалуын және пайдалануын қамтамасыз ететін қоршаған орта элементтерінен тұрады. Мұндай жағдайларда жұмыс істеу денсаулығының ерекше мүмкіндіктері бар азаматтарға ешкімнен немесе бір нәрседен тәуелсіз өмір сүруге мүмкіндік береді. Демек, мүгедектігі бар адамдар үшін қол жетімді орта - бұл олардың қажеттіліктерін ескере отырып толықтырылған таныс орта.

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 154 бабы 1 тармағының 6 тармақшасына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың «инфрақұрылым нысандарына, ақпараттандыруға, кәсіпке, ақпаратқа, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларға, спорттық жарыстарға және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етуге» құқығы бар. Мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалту

қоғам үшін өзекті мәселе ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік әлеуметтік саясаттың басым бағыты болып табылады. Қажетті жағдайларды жасау үлкен маңызға ие, соның арқасында қабілеттердің барынша толық дамуы және мүгедектігі бар адамдардың қоғамда барынша интеграциялануы мүмкін.

2013 жылдан бастап ауданда кедергісіз орта құрылысы жүріп жатыр. Жыл сайын объектілерді бейімдеу бойынша кестелер бекітіледі.

Міне, құрылыс кезінде кейбір негізгі нұсқаулар:

1. Пандус салу (көлбеу бұрышы 1:12-ден аспайды, пандустың ені 1,2 м-ден кем емес);
2. Рельстерді пандусқа екі жағынан орнату (0,7м-0,9м биіктікте, рельс пен қабырға арасындағы қашықтық 6 см емес);
3. Екі жақтағы пандустағы тұтқалар 0,3м көлденең деңгелектенуі керек;
4. Пандусқа кірер алдында доңғалақ (кішкене ерескел қабын);
5. Қонырау;
6. Ашық баспалдақтардың баспалдақ қадамының ені кемінде 1,35 м;
7. Сатылардың көтерілу биіктігі 0,12 м аспайтын;
8. Ашық баспалдақтардың алдында ескерту тактильді жолақтарын (жолақтардың ені 0,3 м-ден 0,5 м-ге дейін)көздеу;
9. Есіктің ені кемінде 0,9 м;
10. Есіктің мөлдір төсемінде 1,2 м-ден төмен емес және 1,5 м-ден жоғары емес деңгейде орналасқан жарқын контрасты таңбалар көзделсін;
11. Кіреберіс есіктің табалдырығының биіктігі 2 см-ден аспасын;
12. Бөлмеде бағыттаушы тактильді жолақтарды орналастырылсын;
13. Санитарлық торап (ені кемінде 1,65 м, тереңдігі кемінде 2 м. кабинетке киім мен балдаққа арналған ілгері көзделсін.
14. Дәретхана мен раковинаны тұтқалармен жабдықтау;
15. Фимаратқа «объектінің қолжетімділігі» белгісін бекітіңіз.
16. Фимараттың алдында тұрақ орындары «Мүгедектігі бар адамдарға арналған тұрақ» арнайы белгісімен белгіленсін.

Осы ұсынымдар сәулет, құрылыс және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес берілген («Халықтың аз қозғалатын топтары үшін қолжетімділікті ескере отырып, фимараттар мен құрылыстарды жобалау» ҚНЖЕ). Мүгедектігі бар адамдар мемлекеттік немесе өзге мекемеге кіруге немесе барлық әлеуметтік игіліктерді алуға ерекет жасағанда да кедергілерге тап болмауға тиіс.

Бұл бағыттағы жұмыс белсенді жалғасуда. Біздің мақсатымыз-мүгедектігі бар адамдардың барлық мемлекеттік мекемелер мен әлеуметтік маңызы бар объектілерге кедергісіз кіруге қамтамасыз ету.

Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

БАЙҚАУ

Ағымдағы жылдың наурыздан бастап «АРДОС-Жүрек» мүгедектер бірлестігі ММ «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы» КММ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде «Жастар ортасында мүгедектерді әлеуметтік қолдау жөніндегі шаралар кешені» жобасы аясында «Самға» байқауын өткізу жоспарланады.

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР АРАСЫНДАҒЫ «САМҒА» БАЙҚАУЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

Байқаудың негізгі мақсаты: мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Өтініштер 19 мамыр мен 8 тамыз аралығында қабылданады.

I. Жалпы ережелер

1. Бұл ереже мүгедектер мен мүгедектігі бар адамдарды қоғамдық ұйымдары арасында өңірлік конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейді.

1.1. Негізгі мақсат - мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамға тиімді араласу тәжірибесін тарата отырып, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға жәрдемдесу.

II. Сайыстың мақсаты мен міндеттері

2. Жас дарындарды анықтау, мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылық әлеуетін қолдау.

2.1. Шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға жағдай жасау, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың шығармашылық қабілетін дамыту, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық байланыстарды қалыптастыру.

2.3. Мүгедектердің әлеуеті туралы халықты ақпараттандыру және мүгедектік мәселелеріне қоғамның оң көзқарасын қалыптастыру.

III. Бәсекелестер

3. Байқауға шығармашылықпен айналысатын мүмкіндігі шектеулі тұлғалар конкурста көрсетілген бағыттар бойынша қатыса алады:

- орындаушылық өнер;
- вокал;
- хореография;
- театр шығармашылығы;
- сәндік-қолданбалы өнер;
- бейнелеу өнері;
- 3.1. Жас санаттары:
 - Балалар (7-18 жас);
 - Жастар (18-35 жас);
 - Ересектер (35 жас және жоғары).

IV. Конкурстың шарттары

4. Конкурса қатысу үшін үміткерлер қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді. Өтініш берушілердің қатысуға өтінімдері Ұйымдастырушыларға 2024 жылғы 26 шілдеден 6 қыркүйекке дейін беріледі.

4.1. Құжаттар электрондық поштаға, пошталық мекенжайға жіберіледі немесе номинациялар бойынша жауапты орындаушыларға әдейі ұсынылуы (М. Жұмабаева, к-сі 114, 115-каб., e-mail: centr.inclusive@mail.ru, тел. 8-7152-32-09-92, 8-700-667-32-91) мүмкін.

V. Конкурса қатысушыларды іріктеу критерийлері

5. Барлық номинациялар бойынша жалпы өлшемдер: жаналық, сапа, шығармашылық даралығы, өзіндік ерекшелігі, заманауилығы, шеберлігі, номинация тақырыбына сәйкестігі, кәсібилігі, техникасы, идеяның ашылуы.

5.1. Байқауға қатысушыларды конкурстық комиссия бағалайды. Комиссия 5 адамнан тұрады.

5.2. Конкурс комиссиясының мүшелері мемлекеттік органдардың өкілдері, үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктердің өкілдері және т.б.

VI. Байқауға қатысушыларды марапаттау

6. Конкурса қатысушыларды марапаттау рәсімі 2025 жылғы 21 тамызда өтеді.

6.1. Конкурстың өтетін орны: Петропавл қаласы (келісім бойынша орны қосымша хабарланады).

Барлық сұрақтар бойынша 2-81-44, 2-81-47 телефондары арқылы хабарласуға болады.

Директор - бас редактор Неля ГОРЧАП Газеттің маман нелі: «Азаттық» ЖШС	Редакцияның мекен жайы: 150890 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Баспадан индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz	Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады	«Magjan Juldizy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басалды. (Петропавл қ., Коммуна к-сі, 5 үй). Таралымы - 570	Газет аудан әкімдігін, аудандық мемлекеттік тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі рөсін басшылық болып табылады
--	--	--	--	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-І куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің міншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады